

ТАҒДЫР ТАЛАЙЫ

## МЕН ОҒАН



# СЕНІП ЕДІМ!...

Өзегін өртеген өкінішті, басына түскен қайғыны өкси жылап айтып берген Айнагүл есімді бойжеткен бір көрмекке әп-әдемі қыз екен. Өкінішін өз аузынан жазып алуға да қарсы болған жоқ. Себебін де түсіндірдік. Өзге сіңлілерің сенің күйіңді кешпесін, сабақ алсын дедік. Мұндай күйге қалай ұшырағанын сұрағанымызда, алданып қалдым дей береді. Өзінің айтуына қарағанда, құлай сүйген жігітін әлі де жамандыққа қимайды. Бірақ әлденеше мәрте телефон шалып хабарласқысы келгенімен, бір кезде сүйдім-күйдім деп шақшадай басын шарадай еткен сері жігіт ізім-қайым жоқ.

(Жалғасы 3-бетте)

## АЙНА ҚАҒАЗҒА КӨМІЛГЕН МҰҒАЛИМ



Мектеп жүйесінің қолданысына енген «Электрондық журналға» қаншама қаражат бөлінді. Ендеше, неге осы журналды ғана пайдаланбасқа? Қағаз журналға бір баға қойып, электрондық журналға бір баға қойып, екі жұмыс жасағаннан кім не ұтады? Бұл туралы осы аптадағы үкімет сағатында Мәжіліс депутаты Гүлнәр Бижанова мәлім етті. Сондай-ақ білім және ғылым министрлігінің бірқатар жұмысын сынға алып, өзекті мәселе көтерген болатын. Осы мәселенің мән-жайын анықтау үшін халық қалаулысымен пікірлескен едік.

(Жалғасы 3-бетте)

ЕУРАЗИЯ ЖҮРЕГІНДЕ

**ПАРИЖГЕ 120 400 ТЕНГЕДЕН\* БАСТАП САЯХАТТАҢЫЗ Т\***

120 400 теңгеден\* басталатын Парижге ұмытылмас демалысты өзіңізге сыйлаңыз. Жоғарылатылған жайлылығы үшін екі адамға арналған "Серіктес тарифі" бойынша Жатын эконом-класты брондаңыз.

\* Әуежай алымдарын қамтиды

air astana

airastana.com

БИРЖАМЕТР

МҰНАЙ (brent) **56,17**

DOLLAR **320**

EURO **341**

РУБЛЬ **5,64**

ӘДЕБИЕТ

## АСҚАР

«Өнердің түбіне сорпа бетіндегі майдай қалқыған түсінікті идея жетеді. Жазушының бір міндеті – ой-идеяны ашу емес, оны мұнартқа көміп, мұнармен бүркеу. «Шайнап берген ас болмас»... Текстің дәмін алудың төте жолы – талмай оқу... Оқушыны қасқыр көрген тазыдай қалтырат...»

(Жалғасы 8-бетте)

4 АҚША ЖҰМСАЛДЫ, НӘТИЖЕ ҚАЙДА?

6 КЕШ ӨКІНДІ

7 «БАНДИТ» БОЛУДАН ҚОРҒАДЫ

11 ДҮРЛІКТІРГЕН ДОПИНГ

on the web JASQAZAQ.KZ

Билік



# ЖАҢАШЫЛДЫҚТАН ҰТАРЫМЫЗ КӨП

«Жаһандық экономика дәуірінде инновация күн тәртібіндегі басты мәселеге айналды. Индустриялық төңкеріс бізді айналып өтпеуге тиіс. Біз экономикамызға инновациялық технологияларды енгізе білуіміз қажет. Егер инновациялық технология әзірлеуге қаражат бөлмесек, онда бізге әлемдік жаңа экономикалық құрылымның ауқымынан тыс қалу қаупі төнуі мүмкін. Жаппай өндірісті дамыту үшін жаңашылдық енгізу арқылы еңбек өнімділігін арттырған жөн». Бұл туралы Елбасы осы аптада зиялы қауым өкілдерімен, саяси қайраткерлермен кездескенде айтты.

Мемлекет басшысының айтуынша, бұл ойымызды жүзеге асыру үшін кәсіпорындардың, сондай-ақ елдің жетекші жоғары оқу орындарының жанынан ғылыми-зерттеу институты құрылып, оларға тиісті қолдау жасалу керек. Елбасымен кездесуге М.Жолдасбеков, К.Сағадиев, Р.Шырдабаев, О. Әбдікәрімов, Б.Ізмұхамбетов, М.Қасымбек қатысты. Басқосу барысында конституциялық реформа, ауыл шаруашылығы, мал шаруашылығы, денсаулық сақтау, ғылым және білім, шағын және орта бизнес салаларын жаңғырту, экономикалық, әлеуметтік, қоғамдық ауқымды мәселелер талқыланды. Мемлекет басшысы Тәуелсіздіктің 25 жылында еліміз күрделі жол жүріп өткенін атап өтіп, одан әрі дамытудың негізгі бағытына қатысты өз ойын ортаға салды. Н.Назарбаев «Қазақстан танымал елге айналды, экономикамыз қарқынды дамып келеді. Енді «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» атты Жолдауда белгіленген мақсат пен міндетті іске асыру үшін

қол жеткен жетістігімізді пайдалана білу қажет», – деді. Кездесуге қатысушылар Мемлекет басшысы бастамашы болған, мемлекеттік билік тармақтары арасында өкілеттіктерді қайта бөлуге бағытталған реформаларды толық қолдайтындарын білдірді. Бұл ретте ең алдымен парламенттің және үкіметтің өкілеттігін кеңейтуге, оның дербестігі мен жауапкершілігін күшейтуге бағытталған қадамның дер кезінде жасалуына, прогрессивтілігі атап өтілді. Бұған қоса, кездесуге қатысушылар республикалық және жергілікті бюджет қаражатының жұмсалыуына қоғамдық бақылау жасауға, салалық бағдарламалардың орындалуына, жер реформасына, сыбайлас жемқорлыққа қарсы сананы орнықтырып, «мүлдем төзбеушілік» саясатын тиімді жүзеге асыруға, сондай-ақ бес институционалдық реформаны іске асыру бойынша Ұлт жоспарында белгіленген міндеттерді кезең-кеземен орындауға қатысты түйткілді мәселелерге тоқталды.

(Өз тілшіміз)

## Әлеумет.t<sup>0</sup>

Өткен ғасырдың басында Америкада ат ойнатқан қылмыс әлеміндегі «алыптардың» бірі өзінің сойқан әрекетін бір ауыз сөзбен түйіндеді екен. «Жеке басында шаруам жоқ, бұл тек бизнес!». Осы тәмсіл ақшаға келгенде ештеңеден тайынбайтын капиталистің ұранына айналды деседі.

жүйесіне жегі құрт түспесін деген аландаушылықтан туған шешім бұл. Ұлт жанашыры Қасым-Жомарт Тоқаев «Әулие Валентин күні» – Батыстан келген, еліміздің болмысына және салт-дәстүріне мүлдем қарсы болып тұрған ұғым. Жастарымыз осыны түсінуі керек» – деп жазды. Бір жақсысы, «Батыстан келгеннің бәрі керемет» – дейтін теріс түсініктен арылып келеміз. Бұрынғыдай телерадиола алашапқын жарнама жоқ,

## ТЕК БИЗНЕС ПЕ?

Аль Капоне дүниеге келмей тұрғанда-ақ американдықтар кәрі құрлықтан келген «әулие Валентин күні» күреп пайда табуын көзіне айналдырды. Сан қилы аңыздан сомдаған әулиеге діни жоралғымен құрмет-қошемет көрсетейік десе, жұрттың елп ете қоймайтынын біледі. Сөйтіп, ешкімді бей-жай қалдырмайтын махаббатты қосақтап қояды. Соған орай жүректі бейнелейтін әшекей бұйымды қаптаптып, тәтті тағамды безендіре бастайды. Осылайша, кішкентай бизнес қуатты индустрияға айналды. Қызықтыру үшін сегізінші наурыз қарсаңында қыз-келіншектің еркекке сыйлық жасайтын жоралғыны енгізіп қойды. 14 ақпанды гүл мен шар сағушылар, шоколад пен торт «корольдерінің» асыға күтетіні осыдан. Олар ғана емес, сезімді сылтауратып, санамызға жат наным-сенімді, жымызға идеологиясын тықпалайтын күштер де өзәзіл үгітін үдетеді. Бір қызығы, діні де, ділі де дөп келетін немістер бұл күні жүйке кеселіне ұшырағандарды емдейтін орындарды ғана безендіреді деседі.

мектеп пен жоғары оқу орындарында желігіп, жүгіретіндердің легі сиреді. Тек клиенттің қалтасындағыны ғана ойлайтын қайсыбір сауда орындарын, кітап оқымай, тарих пен мәдениеттен мақұрым қалған біздегі кейбір жұлдызсымақтарды айтпағанда.

Клиент демекші, «Ақша төлесен өзіңді тануға, тиын-тебенінді көбейтуге, тіпті әп-сәтте байып кетуге үйретеміз» дейтіндердің әдіс-тәсілі Батыста әбден ескірген. Жем іздегендер өріс іздеп, біздің жакка жөнкіледі. Ақпарат құралдары Халықаралық валюта қорының елімізге қатысты қорытындысын жариялады. Ұйым сарапшылары бізді әбден мақтай отырып, бұдан да керемет нәтижеге жетуі үшін қыруар қаржы сұрайтын шетелдік кеңесші мен техникалық көмекке (несие) жүгіну керектігін айтыпты. Ал шындап келгенде, қазақтың қаржыгері әлгі кеңесшісіз-ақ экономиканы қалай өркендетуге болатынын жақсы біледі.

Срайыл СМАЙЫЛ



Биыл бірнеше мемлекет осы мерекесымақты тойламайтынын ресми түрде мәлімдеді. Жас өскіннің

АПТАНЫҢ АЙТАРЫ

450

мың баррель. Қашаған кен орнында тәулігіне өндірілетін қара алтын көлемі

3,924

мың көлік. Өткен жылы еліміздегі тіркелген темір «тұлпардың» саны

825

мың теңге. Оңтүстік Кореяға барып, осынша жалақы аламыз деген отандастарымыз алданып қалды

Аптаның айтысы



Қалмұханбет ҚАСЫМОВ, ішкі істер министрі:

«Бұрын қызметкерлерімізге бағынбағандарға 4,5 миллион теңге көлемінде айыппұл салынатын. Оны енді еселеп көбейттік. Сақшының өміріне қауіп төндіргендерге қазіргі айыппұл 11 миллион теңгеден асуы тиіс»



Азат ПЕРУАШЕВ, Мәжіліс депутаты:

«Еркек өз әйелін ұрса, оған айыппұл 40 мың теңге болады. Ал полицеймен алысса, 11 миллион. Бұл не? Немене, әйел бір тәртіп сақшысынан мың есе арзан ба? Мен оған келісе алмаймын. Мен өз әйелімді полициядан гәрі мың есе жақсы көремін»

Мәселе

## ДАСТАРХАНДАҒЫ НАН ҚАНДАЙ?

Отандық бидайдың сапасы соңғы 5 жыл ішінде айтарлықтай нашарлап кетті. Бұл туралы Парламент Сенатында өткен жиналыста ауыл шаруашылығы министрлігінің мамандары хабарлады.

Сондай-ақ басқосу барысында Сенат депутаттары азық-түлік нарығындағы нанның сапалы өзгеруіне күмән туғызатынын алға тартты. Сенатор Ляззат Қиынов дүкендегі нанның дәмі жоқ екенін айтып, оны пісіруге қолданылатын ашытқыда денсаулыққа зиян химиялық қоспалардың болуы мүмкін деді. Оның айтуынша, нан пісіруге қолданылып жатқан ашытқыда у бар. Оны ойлап тапқан адамның өзі ашытқы құрамында формалин бар екенін мойындаған. Депутаттың пікірінше, министрлік бұл мәселеге мән беруі тиіс.



Нұрлан НЫМАТУЛИН, Мәжіліс төрағасы:

«Айыппұлды көбейтсек, қылмыс саны азаяды деп айта алмаймыз. Президент жеңіл және орта деңгейдегі қылмыстар үшін жазаны жеңілдетіңдер деді. Біз керісінше жасап отырмыз. 11 миллион теңге айыппұл деген ақылға сыймайды»

АЛ, ӘЙТПЕСЕ!

«Ет бағасы не үшін өсті?» – деп бас қатырып жүрсек, бар кінә бораннан екен. Жуырда болған ауа райының қолайсыздығы дүкендегі ет бағасына әсер етіпті. Бұл туралы ауыл шаруашылығы вице-министрі Қайрат Айтұғанов мәлім етті.

## БАР БӘЛЕ БОРАННАН



Оның айтуынша, еттің құрт қымбаттауына бірінші кезекте құранның артуы себеп болған. Екіншіден, ауа райы. Ол «Естеріңізде болар, жуырда боран соққан еді. Нәтижесінде көтерме саудада тапшылық пайда болды. Шаруа бағаны көтермегенмен, алыпсатарлар бағаны еселеп қосты», – деді. Вице-министрдің пікірінше, жұмыртқа бағасының өсуі де осыған ұқсас. Бағаның шарықтауына алыпсатарлардың қосқан үлесі бар деседі.

Қылмыс

Қостанай облысында 3 млн теңге пара алған шенеунік ұсталды. Мемлекеттік кіріс департаментінің қызметкері, аға офицер С.Қозыбақов өзіне алғысты ақшалай білдіргендерге кешіріммен қараған.



## ЖАЗАСЫН ЖАСЫРАМЫН ДЕП...

Бұл жолы ол Қазақстан темір жолы ҰҚ АҚ аймақтық филиалының қызметкерін қанатының астына алып, оны қылмыстық жазаға тартпағаны үшін 3 млн теңге пара алған. Бұл әрекеті Қостанай адвокаттар алқасының қорғаушысы Е.Мұхамеджановтың делдалдығымен іске асырылыпты. Жемқорлыққа қарсы әрекет ету жөніндегі ұлттық бюро қызметкерлері С.Қозыбақовты қолға түсіреді. 24.kz хабарлағандай, қазір күдікті Рудный қаласындағы уақытша ұстау абақтысына қамалып, сотқа дейінгі тергеу жүргізіліп жатыр.

Тағдыр талайы

(Басы 1-бетте)

козысындай ұқсас тағдырлар. Әрі аянышты. Қайғысы да бір, мұны да ортақ. Жетімдіктің запыранын жұтқан балалық шак. Балалар үйі, әйтпесе алыстан қосылатын ет жақын ағайынның босағасы. Қылытып қыз болған кезде табанының бүрі жок, әлдекімдермен кездейсоқ танысу. Жазатайым жар басу, онбай опық жеу, соңында қарақан басының қайғысына мынбатпан тағы бір қайғы жамау. Жарық дүниеге келген жас сәби өзімен бірге шат күлкілі шаттыққа толы қуаныш емес, өзегін өртер өкініш әкеледі. Ендігісі не баспанасы, не жұмысы жок, жас ананың қайда барарын білмей, қайда паналарын білмей шакшадай басын шаралай етуі.

Біз тілдескен барша ананың, барлығы болмаса да түгелге жуығының тағдыры осылай өрбиді. Суға кеткеннің қармайтын жалғыз талы іспетті талмаураған үміт аймақтағы қайырымды, қалталы азаматтардың қаражатымен ашылған «Аналар үйі» болып отыр. Көкшетау қаласының Аналар үйінің ашылғанына үш жыл болыпты. Осы үш жыл ішінде ондаған, жүздеген аналар аз ғана уақытқа болсын паналаған.

**МҰНДАҒЫ ТҰРМЫС ЖАЙЫ КӘДІМГІ БАҚУАТТЫ ОТБАСЫНІКІНЕН КЕМ ЕМЕС. БІРАҚ АҚЫЛ ТАРАЗЫСЫНА САЛСАҢ, ЖЕТПЕЙТІН ЖАЛҒЫЗ НӨРСЕ – СЕНІМ. СЕНІМ СЕЛКЕУ ТАРТҚАН. АЛДАП КЕТКЕН БІР АДАМНЫҢ ҚЫРСЫҒЫНАН БҰЛАР АЙНАЛАНЫҢ БӨРІНЕ СЕНІМСІЗДІКПЕН ҮРКЕ ҚАРАЙТЫН ТӘРІЗДІ. ОСЫ ЖЕРІ ҚИЙЫ.**

Фото: автор

айналаның бәріне сенімсіздікпен үрке қарайтын тәрізді. Осы жері қиын.

Алдымен біреуімен тілдеспекші болдық. Бірақ сырғақсып тілге келмеді. Бәлкім, ұялған болар, әйтпесе ескі жараның орнын тырнағысы келмеді ме. Екіншісі, тіпті мінезінен де көрсетіп тастады. Жазған құлда шаршау жоқ, әйел затынан бетіміз қайтып көрмеген біз пақыр блокнотымыз бен қаламымызды дайындап



www.jasqazaq.kz

E-mail: jas\_qazaq@mail.ru

осы жерде жаратқан айтыпты дейтін бір сөз санама сак ете түскені «Баланы уялсын деп қызға, баға алмасын деп кедейге беремін» депті. Ал қаншама отбасылар бір шикі өкпеге зар болып жүр. Мойндарына бұршақ салып тілесе де, жаратқан иенің мейірім түспеген соң амал нешік.

Он бесінде бір емес екі сәбиді жарық дүниеге әкелген қыз ата-ананы былай қойғанда, ағайын-туыстан ада, тіпті алыс аталастары да жоқ жетім екен. Жетімдер үйінде өскен. Колледжде түсіпті. Аяғының ауыр болып қалғанын өзі де байқамаған. Аналар үйіне колледжлің шебері жетектеп әкеп өткізіпті. Қазір әлгі бала екі баласын бағып осында жүр.

– Үш жасар қызыммен осында қалуыма мүмкіндік бергендері қандай жақсы болды, – дейді тағы бір жас ана, – әйтпесе жетімдер үйіне тастап кеткеннен басқа лажым жоқ еді. Бәлкім, онда жүрегім

# МЕН ОҒАН СЕНІП ЕДІМ!..

Мекеменің үйлестірушісі Көгершін Хасенованың айтуына қарағанда, қазір он шақты жалғызбасты жас ана кішкентай бөбектерімен осында тұрып жатыр.

– Жобаның ережелеріне сәйкес орналасқаннан кейін олар баспанаман және күнделікті тамақ, әрі киіммен қамтамасыз етіледі. Тағдырдың тәлкегіне түскен жас аналар ес жиып, он-солын бағдарлап, өздері күнкөрістеріне қолдарын жеткізгенше жәрдемдесеміз, – дейді Көгершін Хасенова, – бізге жана келген бетте олардың халдері өте мүшкіл болады. Материалдық тұрғыдан ғана емес, үміті үзілген, қайраты кеміген міскін қалыпта. Біздің психологтар басынан кешкен талайлы тағдырларының егжей-тегжейлі сұрап біліп, өмірден баз кешуге сынық сүйем қалған жас аналардың көңілдерін демеп, көкіректеріндегі үміт отын жағуға тырысады. Алдап кеткен әкеге деген, өз бастарына қатыгездік көрінген өмірге деген көпнен сейілту де оңай жұмыс емес. Бірақ мамандар бар күш-жігерлерін салып бағады.

Мұндағы тұрмыс жайы кәдімгі бақуатты отбасынікінен кем емес. Тұрақ-мекендері енселі, екі қабатты қоттедж, ішіп-жемі де мол, киім-кешектен де тарығып жүрген жоқ. Былай қарағанда бәрі бар, төрт құбыласы тең сияқты. Бірақ ақыл таразысына салсаң, жетпейтін жалғыз нәрсе – сенім. Сенім селкеу тартқан. Алдап кеткен бір адамның қырсығынан бұлар



Айна

(Басы 1-бетте)

Гүлнәр Бижанова: Шынын айтайын, біздің мұғалімдеріміз – бала тәрбиелеп, сапалы білім бергеннің орнына түрлі есеп-құжатын дайындап, қағаздың астында көміліп жүр. Мұғалімнің бар уақыты күнделікті сабақ жоспарынан тыс тақырыптық-күнтізбелік жоспары, тәрбие жұмысы жоспары, мұғалімнің өзіндік білім көтеру жоспары, сынып журналы, электрондық журнал және қаншама



Гүлнәр БИЖАНОВА

бақылау жұмысы дәптері сияқты қағазды толтырумен өтуде. Осының бәрін жазып, тексеріп отыратын мұғалімнің негізгі қызметі қағаздың астында қалып қойып отыр! Мұны – ұйымдастырылмаған, бағыты мен реті жоқ қағазбастылық деп түсінемін. Мектеп жүйесінің қолданысына енген «электрондық журналға» қаншама

қаражат бөлінді. Ендеше, неге осы журналды ғана пайдаланбасқа? Қағаз журналға бір баға қойып, электрондық журналға бір баға қойып, екі жұмыс жасағаннан кім не ұтады? Осының бәрі болашақ жастарымыздың сапалы білім алуына кедергі келтіріп отыр емес пе!

**Жас қазақ:** Сіз сауалыңызда мұғалімдерге жағдай жасалмағанын айтып өттіңіз. Мысалы, олар өз ақшасына кенсе зағын, «принтер» сияқты керек-жарағын өзі сатып алады. Заң жүзінде мұғалімдер оны өз ақшасына сатып алуы керек пе?

**Гүлнәр Бижанова:** Иә, бұл рас. Мұғалімдердің көбі несие алып, қарызданып, құжаты мен түрлі есеп үшін осындай затты өзі алады. Мұғалімнің есеп-қисап жұмысының көптігі сол, олардан облыстық білім басқармасы, аудандық білім бөлімі қайта-қайта, ай сайын, апта сайын, аралық күндер сайын есеп сұратып отырады. Осылар үшін түрлі сызба-нұсқа жасайды. Жасамаса, жұмыстан шығып қалуы мүмкін ғой. Сол үшін де осындай «құрбандыққа» барып, өзі сатып алып жатады. Егер, қағазбастылық жұмысы азайса, мұндай мәселенің бірі де болмайды. Қысқаша айтқанда, осындай жөніс сұрау мен талап болмаса, білім саласына дақ түспейді. Мұғалімдердің беделіне нұқсан келмес еді. Өздеріңіз білесіздер, осы Мәжілісте әлеуметтік саланың жағдайы қарастырылғанда, дәрігер, мұғалімнің жалакасы ең алдымен сөз

болады. Бірақ олардың кенсе құжатын сатып алуы үшін жалакасына ештеңе қосылмайды. Аталған заттарды мектеп басшылығы өздері сатып алуы тиіс.

**Жас қазақ:** Сіз мектеп мұғалімдерінің басым бөлігі – әйел заты екенін атап өттіңіз. Қайтсек, қоғамдағы мұғалімнің беделін көтеріп, оның имиджін қалыптастыра аламыз?

**Гүлнәр Бижанова:** Мектептегі мұғалімнің көпшілігі, расында, әйелдер. Ал ер адамдар 80-90 мыңдық айлықпен отбасысын толық қамтамасыз ете алмайды. Олар оның орнына такси жүргізушісі болып, күніне 15-20 мың табады. Міне, ер адамның мектепке тұрақтамайтыны осыдан. Мектепке ЖОО бітіріп келген ер адам жоғары жалақы алу үшін кемінде 5-6 жыл жұмыс істеуі керек. Алдымен санатын көтеріп, тәжірибе қалыптастырғанынша, жоғары жалақы ала алмайды. Ал аз ғана қаражатпен ол отбасын бағуы мүмкін бе? Менің мұғалімге жаным ашиды. Бүгін әріптесім И.Смирнова өзінің депутаттық сауалында мен көтерген мәселені тарқатып, жан-жақты мысал келтіре отырып, мектеп мәселесін сөз етті. Мен оның сауалын қолдап отырмын.

жөтеледі. Сөзге келіп қалдық. Бұл жолы қаттылау. Шыдамның да шегі бар емес пе. Ол болса тағы да жолсапарға кеттім деп киім-кешегін алып үйден шығып кетті. Мен үйде біраз отырдым да, болған жайды анама айтып, ішімді босатып ақылдасайын деп анамның пәтеріне бет алдым. Барсам анам жалғыз емес екен. Есіктің алдына өзі шықты, үстінде жеңіл халаты ғана бар. Мен болсам ағыл-тегіл жылап, айтып жатырмын.

– Жылай берме, – деп жұбатты анам, – еркек атаулының әдеті сол емес пе? – Енді онымен тұра алмайтын сияқтымын, – деп мен өкпемді өксіп жылап айтып жатырмын. Бір кезде есігі жартылай жабылған анамның пәтерінен күрк-күрк жөтелген таңыс дауыс естілді. Құдай-ау сондық ме деп қалдым, әлдебір күш артымынан итеріп, алдымнан жетектегендей анамның жолымды кескеніне қарамай кіріп барсам, төсектің үстінде тыр жалаңаш күйеуім жатыр. Тіл байланып қалды. Сол кезде менің қандай сезімде болғанымды мынау жарық дүниеде ешкім де түсіне алмайтын шығар.

Анам болса қояр да қоймай қолымнан жетектеп дәлізге алып шықты. – Бұл, – деді саусағын шошайтып тұрып, – саған үйленбей тұрып менің жігітім болған. Күндердің бір күнінде жас иіс аңсайтынын білдім де саған үйлендірдім. Енді ол екеуіміздікі.

Содан бері анамның да, күйеуімнің де бет-жүзін көргім келмейді. Ай-күнім жетіп мына шақалақты дүниеге әкелген сон барар жер, басар тауым қалмады. Өзіме жаңағыдай сатқындық істеген анамның үйіне қайтып бара алмаймын ғой, не деп барамын. Міне, біздің тағдыр осындай. Өзім де әкесіз өсіп едім, енді мына кішкентай Ажар да жарық дүниеге келген сәтінен бастап жазықты болып, әкесіз өсетін болды. Тұрмысқа шыққанда қуанып едім, өзім өкенің жанашырлығын, қамқорлығын көре алмасам да, балаларым көреді ғой деп.

Жас келіншек өксіп-өксіп жылады. Айдай аппақ жүзі әп-сәтте қарақат көздерінен үздіксіз аққан көз жасымен шыланып қалды. Қаншама кітап оқып, махаббат машақаты туралы қаншама кино көрген қарақан басым дәл мынандай оқиғаны естіп көрмеппін. Мал құлағы саңырау. Бұрынғылар жүре берсен, көре бересін деуші еді. Қым-қуыт уақыт өсімізді алып, жанталасқан қатыгез заманда мұндай да болады екен-ау дедім де қойдым. Орыс ағайындар айтатын «өзгенің жан дүниесі қараңғы» деп.

Тағы бір тағдырмен таныс болдық. Бұл жолы өзгеше өрім, басқаша пішімді тағдыр. Он беске жасы жана толған, қазақтың жалпақ тілімен айтқанда, «бесіктен белі шықпаған», әлі өзі де бала мына бір қыздың егіз баласы бар екен. Шекесі торсықтай екі ұл. Дәл

мұншама қайғы-қасіретті көтере алмауы да мүмкін-тұғын. Сол үшін де аналар үйін ұйымдастырған, бізді қамқорлығына алып отырған абзал жүректі азаматтарға айтар алғысым шексіз.

Тағы бір келіншек 23 жаста екен. Алыс ауылдардың бірінде ата-анасымен бірге тұрған. Ал оған шейін жоғары оқу орнын қызыл дипломмен бітірген. Оң жақта отырып, жүкті болып қалған соң ата-анасы намыстанып үйінен қуып шыққан. Сөйтіп, онбай опық жеген, жас келіншек барар жер, басар тау таппай қаңғырып қалған.

Аналар үйі өне бойы кілкіген мұң емес екен, ара-тұра қайғының қара шымьылдығын жақсылықтың шуақты қолы серпіп жіберіп, шымқай қара аспан да нұрын себезгілеп төгетін сәт болады екен. Таяуда жас аналардың біреуін ақылға келген күйеуі келіп, аяғына жығылып, кешірім сұрап алып кетіпті. Әлгі байғұстың тілмен айтып жеткізгісіз қуанышына барша мұңлық қоса қуанып, шаттанса керек. Бәрінікі бір қайғы, бір тағдыр ғой.

Жанарының астында көгілдір танбасы айықпаған, тән жарасы жана-жана жазылып келе жатқан енді бір жас ана күйеуінен көрген қорлығын айтып тауыса алар емес. Екі иығы солқылдап, жүзін мен салып жылайды-ай келіп. Үзіп-үзіп айтқан сөзінен көп ештеңе ұға алмадық. Тағдырдан тартқан ашы сыйды да аз емес қой деп жан жарасын қайтадан тырнағымыз келмеді.

Жас аналарға ие болып отырған Көгершін Зәлелқызы былай дейді: – Бізге балалары өсіп кеткен аналар да келеді. Бірақ біз бір жасқа дейінгілерін ғана алдық. Міне, бүгін тағы бір ана телефон шалды, баласы алты жаста екен. Өзінің айтуына қарағанда, жұмысы да, тұратын жері де жоқ, уақытша паналай тұрсақ дейді. Енді қайтсын бауыр еті балаларын көзі тірісінде балалар үйіне қайтып жіберсін. Осында істегеніме жеті ай болды. 17 бүлдіршінді анасының бауырынан ажыратпай, аман сақтап қалдық. Осы жобаны жүзеге асырушылар әркімінің де қателесуіне хақысы бар. Тым болмаса бір мәрте болсын ойланбай опық жегенге көмектесейікші дейді.

Ал аналар үйін паналап жатқандардың одан арғы тағдыры не болақ? Жұмыс табыла ма, үйдің кезегіне тұра ала ма? Қала әкімі Ермек Маржықпаев жатақханадан уақытша бір бөлмеден береміз деп уәде еткен екен. Өзірге тым-тырыс.

Жас аналар кезектесіп ас дайындайды. Үй ішін жинап, ретке келтіреді. Бір-біріннің баласына қарайласады. Өзірге қауымдасып, қоғамдасып жомарт жандардың ізгі ниетінің арқасында селбесіп келеді.

Жалғыз-ақ өкініштісі, осылардың ішінде өз ұлттымыздың қыздарының көптігі. Балалы болған балалардың обал-сауабы кімнің мойнында сонда?!

Байқал БАЙӘДІЛОВ, Ақмола облысы

# ҚАҒАЗҒА КӨМІЛГЕН МҰҒАЛІМ



Мұғалім деген күнделікті түрде әр оқушының көңіл-күйін, жағдайын біліп, оның сабаққа, өмірге, қоғамға деген көзқарасын біліп отыру керек. Бірақ керекті-керексіз қағазға көміліп отырғанында, оқушы жайына қалады. Ал осыдан кейін оқушы өзінің мазалаған сауалына жауап таба алмай, киналып жүріп, оқыс әрекетке баруы мүмкін ғой. Қазір осындай жағдайлар жиі қайталанып жатыр.

Алдағы дүйсенбіде бізге білім және ғылым министрі келеді. Сол кезде осы мәселені кенінен қарастырамыз. Сіздің газетіңізді де сол жиынға шақырамыз. Мәселені кенінен көтерсеңіздер. Ал мұғалімнің қоғамдағы беделі мен ролін қалыптастыру жолы – жуырда ғана жарияланған Елбасы Жолдауында айтылды. Жолдаудың 4-тармағында «алам құндылығы» анық жазылған. Осы аталған министрліктің өкілдері Жолдауды жақсылап оқып, дұрыстап қарап, жете түсінсе, мұғалімнің ролін де, беделін де көтеруге болады деп ойлаймын.

Сұхбаттасқан Елдос ҚУАТҰЛЫ, Астана

# 4 ЖҚ КӨКЕЙКЕСТІ

E-mail: jas\_qazaq@mail.ru

www.jasqazaq.kz

## Сұхбат

**БИЛІКТЕ ЖҮРСЕ ДЕ, ЖАУАПҚЕРШІЛІК ЖҮГІН АРҚАЛАҒЫСЫ КЕЛМЕЙТІНДЕРДІҢ ДӘУІРІ АЯҚТАЛАДЫ. БҰЛ ТУРАЛЫ СЕНАТ ДЕПУТАТЫ ДАРХАН ҚАЛЕТАЕВ «КАРАВАН» БАСЫЛЫМЫНА БЕРГЕН СҰХБАТЫНДА МӘЛІМ ЕТТІ. СОНЫМЕН БІРГЕ ДЕПУТАТ СОҒҒЫ УАҚЫТТА ҚАБЫЛДАНЫП ЖАТҚАН ЗАҢНАМАЛАРДЫҢ НЕ СЕБЕПТІ ҚЫЗУ ТАРТЫСҚА ҰЛАСАТЫНЫН АЙТТЫ. ТҮЙТКІЛДІ МӘСЕЛЕГЕ ҚАТЫСТЫ ТҮЙІНДІ ОЙДАН ҚҰРАЛҒАН СҰХБАТТЫ ЫҚШАМДАП БЕРІП ОТЫРМЫЗ.**

– Дархан Аманұлы, жуырда Сенат депутаты болып тағайындалдыңыз. Алғашқы әсеріңіз қандай?

– Ең алдымен мені сенатор етіп тағайындаған Елбасына алғысымды айтқым келеді. Мен өзімді қызмет пен мансап жағынан жолы болған адам деп санаймын. Жастайымнан Президент Әкімшілігіне келіп, басшының орынбасары қызметіне дейін өстім. Басқарушы партия басшысының орынбасары қызметін атқардым. Ел экономикасының флааманы саналатын «Самұрық-Қазынада» 7 жыл жұмыс істедім. Қашанда өзіме жүктелген жауапты қызметті абыроймен атқарып шықтым. Енді, міне, Сенаттамын. Мұнда бұрын үлкен қызметте істеген, өзіне жауапкершілік жүктей білетін азаматтар жиналған. Олар дер кезінде шешім қабылдай алады.

– Көші-қонға қатысты заңды қабылдағанда сенаторлар оның салдарын неліктен алдын ала ойластырмады? Бұл құжатқа қажетті



– Парламенттің оған мүмкіндігі бар. Петицияны қарастыру оның міндеті. Себебі оны халық сайлайды. Сондықтан халықтың пікірі ескерілуі керек. Бірақ үндеу жолдаушы да жана заңды қабылдауды ұсынғанда, оның ізінше қандай процесс болатынын түсіну керек. Оған жауапты екенін сезінуі қажет. Кішігірім мысал. Жақында мен қатан түзеу мекемесіне бардым. Соның алдында ғана біз рақымшылық туралы заң қабылдадық. Жазасын өтеушілердің оған деген көзқарасын білім келді. Сол мекемедегі 600 жазасын өтеушінің тек екеуі ғана рақымшылыққа ілінді. Пробация заңы туралы бізге түрме басшылығы айтып берді. Жазасын өтеушінің еркіндіктегі өмірге бейімделуі үшін түрмедегі соңғы жылында оған жақсы жағдай жасау керек. Бөлек жатын орын, жұмысқа орналасуы үшін курсқа қатысуы қажет. Алайда оған қаражат қарастырылмаған.

Ішкі істер министрлігі заңды ұсынды. Алайда оны қаржыландыру мәселесін ойластырмады. Сондықтан бұл заң белгілі дәрежеде жұмыс істемейді. Енді ІМ аталған заңның негізгі орындаушысы болғаннан кейін қаржылық базаны ойластыруы керек. Бюджет қайта қаралатын болады. Бұл жерде жауапкершілік туралы мәселе қайта туындайды. Ал ол жағы әзірше ақсап тұр. Өйткені біздің шенеуніктер жауапкершілікті арқалағысы келмейді.

– Бір білеріміз, оған ешкім басын қатырмайтын сияқты. Мәселен, мемлекеттік бағдарламаларды алайық. Бюджеттегі қаржының қалай болса, солай жұмсалғанына кім жауапты?

– Келісемін. Нақты аймақтар бойынша мысал келтіргім келмейді. Жалпылама айтсақ, ол былай: бір әкім бірнеше нысанның құрылысын бастайды. Сосын әкім өзгереді. Ол әлгі нысандарды орта жолда қалдырып, басқасын бастайды. Айталық, бір ауданда құрылысы бітпеген мектеп, балабақша сияқты ғимараттар бар. Жаңа басшы бұл құрылыстардың барлығын тоқтатып, жанасын бастайды. Мемлекеттік бағдарлама бойынша да солай. Ақшаны жұмсады, нәтиже болмады.

Дархан ҚАЛЕТАЕВ:

# ШЕНЕУНІК ЖАУАПҚЕРШІЛІК АРҚАЛАҒЫСЫ КЕЛМЕЙДІ

нормативті-құқықтық акт қосымшасы, қажетті ақпараттық қолдау болмаса, оны қалай мақұлдады?

– Жұмыс тобы мен палата отырысында депутаттар тарапынан «Мемлекеттік құрылымдар бұл заңды жүзеге асыруға дайын ба?» – деген сауал қойылды. Сол кезде «100% дайын» деген жауап болды. Бірақ одан кейін біршама қиындықтар туындады.

– Мамандар заң жобасына қатысты заңгерлердің сапасыз сараптама жасауы кесірін тигізді деген пікірде. Осы қаншалықты рас?

– Олай болуы да мүмкін. Бірақ заңның маңызды кәсіби сараптамасынан бөлек, қоғамдық сараптама да болуы керек. Мәселен, жер, тіркеу туралы заңды алайық... Қазір бас қатырып отырмыз. Сол кезде қоғам белсенділері қайда болды? Олар да талқылауға қатысты ғой.

– Белсенділер «пікіріміз тиісті жерге жетпеді» деп отырған жоқ па?

– Солай-ақ болсын. Бірақ өз пікіріңді тыңдатудың түрлі жолы бар. Оны пайдалану керек. Мәселен, Елбасыға, Парламент палаталарына жіберуге болады. Өз ұстанымыңды дәлелдеп үйрену керек. Өкінішке қарай, қоғамдық сараптама механизмі бізде әлі өңделмеген. Прощесті басқарудың нақты құрылымы жоқ. Азаматтық альянс толыққанды жұмыс істемейді. Ол қазір қайда? Ешкім білмейді. Ол мемлекеттік емес ұйымдарға арналған ауқымды алаң. Қазақстанның Халқы ассамблеясы, саяси партиялар, кәсіподақ та алаң. Осы орталықтар арқылы билік қоғаммен диалог жүргізе алады. Бірақ өкінішке қарай, қолда бар мүмкіндікті тиімді пайдаланып отырған жоқ. Билік іске асырғысы келетін кез келген идея – сатылуы тиіс тауар. Саяси маркетинг туралы айтып отырмын. Қоғам үшін жаңашылдық қандай пайда алып келетінін түсіндіру керек. Сонда халық оны қолдайды. Біздің қоғам өте белсенді. Тек оны дұрыс бағытқа қарай бұру қажет.

– Парламент үндеулерді біріктіретін орталыққа айнала ала ма? Палаталардың бірлескен отырысында мыңдаған отандасымыз қол қойған петицияны қарауға қажеттілік пен мүмкіндік бар ма?

– Мемлекеттік бағдарламалардың тиімділігін Үкімет пен Президент Әкімшілігі бағалайды. Алайда бұл туралы ақпарат мүлдем жоқ. Ал мемлекеттік органдар тиімділік көрсеткішін жариялауға міндетті емес. Осыны өзгертуге бола ма?

– Қаржыны талқылаған уақытта осы сұрақты қазіргі қаржы министрі Бақыт Сұлтановқа қойғанмын. Бізде нәтижеге негізделген бюджет секілді түсінік бар. Көптеген бюджеттік бағдарлама бар. Ал әр бағдарламаны бағалауға мүлтіксіз критерий жоқ. Сонда маған әр министрлікте индикативті бағдарлама барын және оның сайтта жарияланғаны айтылды. Мен бірнеше министрліктің сайтына кірдім. Бірақ анық ештеңе таба алмадым.

– Үкімет мемлекеттік органдар арқылы мемлекеттік бағдарламалардың тиімділігін бағалайды. Сіздің ойыңызша, тәуелсіз халықаралық ұйымдар осындай сараптамамен айналысуы қажет пе?

– Өздері өңдеп, өздері жүзеге асырғанда және оның тиімділігін өздері бағалаған уақытта мүлде қайшылығы болады. Бірақ халықаралық бағалау бұл үлкен қаражат. Халықаралық кеңесшілер өте қымбатқа түсетінін ескеру керек. Менің ойымша, өкілеттілікті бөлгенде, тиімділікті бағалау функциясы Парламентте болуы мүмкін. Мәжіліс премьерді де, үкіметті де және бюджетті де бақылайтын болады.

– Депутаттар қаржы мәселесін қаншалықты біледі?

– Осындай сұрақ туындамас үшін, есеп комитеті Парламентке қарау керек. Ол баяндаманы дайындайды. Ал Парламенттің мақсаты – оны бақылау. Қазір жағдай қалай? Есеп комитеті қаржының дұрыс қолданылмағаны туралы есепті көрсетеді. Ал кінәлі министрлік ақталып жатады. Тексеру болған ортада

Бақытжан САҒЫНТАЕВ, Премьер-Министр:

«Негізі, қаржылық бақылау қызметі тексерме, конкурсты уақытында өткізбеді ме? Мұның бәрі халыққа қажет емес. Ең бастысы, ақша бөлінді, ол игерілмей қалды. Соның салдарынан халыққа тиісті жағдай жасалмады. Бәлкім, аймақтар жылдың соңында ақша сұраса, оны мүлдем бермеген дұрыс болар. Жылдың аяғында миллиард теңге бөлудің қандай пайдасы бар? Бәрібір конкурстың өтпейтінін, бақылаушы органдарының тексеріс жасайтынын білеміз. Одан да келесі жылға қақтырайық. Екі облыс әкімінің (Ақмола облысы – Сергей Кулагин, Қостанай облысы – Архимед Мұхамбетов – ред) айтқанынан түсінгенім, ақшаның игерілмей қалғанына мен кінәлі екенмін. Өйткені мені алдын ала ескерткен, маған баяндама жасаған. Енді, «не үшін жауап алып отырсыңдар» дегенге келтіріп отыр. Ақшаны игере алмасаңдар, онда оны мүлдем сұрамаңдар»

(Үкімет отырысында айтқан сөзі)



талас басталады. Олар қаржының тиімді пайдаланылмағанын дәлелдеуге тырысады. Қарсы тарап барлығы дұрыс болғанын айтады. Кейде тексерілген орган өзінің дұрыстығын дәлелдеп жатады. Сонда есеп комитетіндегі адамдар қаншалықты кәсіби түрде жұмыс істеп жатыр? Сол тексеретін есеп комитетінің өкілдері параметр ұсталып жатқан жағдайлар болды. Депутаттардың біліктілігі туралы сұрақ туындайды. Барлық нәрседі білікті болу мүмкін

ме, онда бизнеспен айналыс. Қолынан іс келетін адамға мүмкіндік бер.

– Бізде қолынан іс келетін адамдар көп пе?

– Билікте, жалпы елімізде тәжірибелі, бәсекеге түсе алатын азаматтар жеткілікті. Бізде ол жағынан бәрі дұрыс. Алайда әлеуметтік баспалдақ дұрыс жолға қойылмаған. Осыны бір ретке келтіру керек. Президент бұл мәселені жақсы біледі. Менің ойымша, өз құзыретін бөліп беру арқылы



емес. Өзім туралы айтайын. Мен Сенатқа жақында ғана келдім. Заң шығаруға қатысты мәселенің барлығын әлі біле бермеймін. Алайда заң жобаларының негізін түсіну үшін көп оқып, адамдардың пікіріне құлақ асуға тырысамын.

жинақталып қалған түйткілді жағдайларды шешпекші. Қазір кінәлілерді іздеп текке уақыт кетіргенше, нақты іске кірісетін кезең. Президенттің де қалауы сол. Нәтижелі жұмыс істе. Кателік жіберсең, жауап беретіндей болу

– Сізді не толғандырды?

– Элита шешім қабылдап, ол үшін жауапкершілікті өзіне алуды үйрену керек. Елбасының жуырда не туралы айтқаны есіңізде ме? Барлық маңызды мәселе Президентпен келісіліп, шешіледі. Берілген тапсырманы ғана орындайды. Бұл нені білдіреді? Олар билікте жүргісі келгенімен, өзіне жауапкершілікті алғысы келмейді. Неге екенін білесіз бе? Себебі жауапкершілік дегеніміз – саяси бәсекелестік. Жұмыс істей аласың ба, қош келдің! Қолыңнан келмей

керек. Біздің қоғам оған дайын. Ал элита оны әлі түсінуі қажет.

Сұхбаттасқан

Алена НЕФЕДОВА, Астана қаласы

## Мәселенің мәні



Артур НЫФМЕТОВ, Қызылорда облысы әкімінің кеңесшісі:

«Бүгінгі таңда «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингінің» бұрынғы басшысы

Қуандық Бишімбаева қатысты қылмыстық іс қозғалғаны белгілі. Ұлттық бюро хабарлағандай, ол Қызылордадағы шыны шығарып, өңдейтін зауыттың құрылысы кезінде мекемеге қарасты «Orda Glass» ЖШС компаниясымен және оның мердігерлік ұйымы

«Шымкентхиммонтаж» ЖШС арқылы қылмыс схемасын ұйымдастырып, 1 млрд теңге жымқырды деп айыпталып отыр. Зауыт жоспарға сәйкес, 2017 жылдың қазан айында іске қосылу керек. Осыған орай 9 ақпан күні Астана қаласында инвестиция және даму министрі Жәніс Қасымбеков жиналыс өткізді. Оған облыс әкімі Қырымбек Көшербаев қатысты. Жиында «Шымкентхиммонтаж» ЖШС бас мердігер ұйымын консорциум құрамынан шығару туралы шешім қабылданды. Бір айта кетерлігі, Қызылорда облысының әкімдігі тек инженерлік инфрақұрылым құрылысын жүргізу үшін жер бөлуге жауапты болды»

Facebook парақшасынан

**Өркениет**

Дамыған елдердің ізінен келе жатқан Қазақстан да әлемдік трендтен қалмауды көздейді. Бүгінде көмірсутек экономикасы дәуірінің бірте-бірте аяқталып, төртінші өнеркәсіптік революция дәуіріне қадам басып келе жатқан кезең. Биылғы Президент Нұрсұлтан Назарбаевтың Жолдауының өзегі де осы – төртінші индустриялық революцияға қамданудың қамынан туындайды. Жаңа технологияларды ілгерілету – бүгінгі бәсекелестіктің де өзегі. Адамның мұқтажының шығаратын, алысты жақындатып, баяуды тездететін, ауырды жеңілдететін де – адам ақыл-ойының жемісі. Осындай ой жемісінің нәтижесінде дүние дамуында өнеркәсіптік революциялар бірінші орынды басты. «Өткенге өкпе жоқ, келерден үміт көп» – демекші, көмірсутек экономикасының аяқталып, әлем жанғыртпалы қуат көздеріне көшуде. Заманның талабына орай еліміз бұрынғы кеңестік республикалар арасында тұңғыш рет Астанада «Болашақтың энергиясы» тақырыбында «ЭКСПО-2017» халықаралық көрмесін өткізбек.

**ЕУРОПА ТИІМДІ ЖОЛДЫ ТАҢДАЙДЫ**

Бүгінгі күні жасыл технология өміріміздің барлық саласына дендеп ене бастады. Әлем ақырын-ақырын

**XXI ғасырға қадам басқанда «бірер жылдан кейін ұшатын көлік көресіз, қуатты жел мен күннен аламыз», – десе көбіміз сенбес едік. Одан бері 20 жыл өтпесе де, жаңа ғасырдағы өзге де жаңа мүмкіндіктерге куә болып жатырмыз. Зымыраған уақыттың лебіне елімізде қосылып, тұтынушы елден өндіруші елге айнауды мақсат тұтты. Әлемдегі даму жедел өзгеріске ұшырап, ғалымдар күніге сан түрлі ғылыми жаңалық ашып жатқанын естіп отырамыз. Бүгінде ғылым мен техниканың, технология мен инновацияның шапшаңдығы адамды таңғалдырмай қоймайды. Мұндай сәтте алдағы уақытқа дұрыс жоспар құрып, дер кезінде шешім қабылдау керек. Шапшаң ойлап, тиісті шараны уақытыңда қабылдасан, жаһандық үрдістен қалып қоярың анық.**

байланысты бұл энергияның аздаған қоры ғана пайдаланылуы. Атап айта кетейік, геотермалдық энергия АҚШ-та, Филиппиндер мен Индонезияда, Исландияда да жақсы дамып келеді. Әлемдегі ең ірі – ГеоТЭЦ (геотермалдық жылу электр стансасы) Исландиядағы Хенгильд жанартауының маңында орналасқан.

**ЖЕТІСТІККЕ ЖЕТКІЗГЕН ҚАДАМ**

«Синьхуа» ақпарат агенттігінің хабарлауына қарағанда, күн сәулесінен қуатталатын электр стансасын пайдалануда Қытай әлемдік көшбасшыға айналды. Мұндай электр стансаның

биіктігі 24 метр, ені 4 метр болатын цилиндр. Турбо желкен жұмыс жасаған кезде цилиндр өз ішінде айналады. Құрылымының бастапқы жұмысы физикалық тұрғыдан ауа қозғалысынан қосымша күш алуында. Айналымды цилиндр ашық алаңға орналастырылып, желге қарсы қойылады. Осы кезде желдің қысымынан цилиндр тез айналады. Осы әсер кемеңнің жылдам қозғалуына әсер етеді. Бұл құбылысты «Магнус әсері» деп атайды.

**ЖАҒАНДЫ ЖАЙЛАҒАН**



**ЖАСЫМ ТЕХНОЛОГИЯ**

осыған көшіп те жатыр. Неге? Мәселен, Еуропаны алып қарайық. Бұл жақта энергияның басым бөлігі баламалы қуат көзінен алынады. WindEurope өндірістік бірлестігінің мәліметінше, өткен жылы еуропалық ұлттық электр жүйесіне қосылған стансаның 86 пайызы жаңғыртпалы қуат көзімен жұмыс жасайды. 2016 жылы Еуропа энерго жүйесіне түскен 24,5 ГВт-тың 21,1 сол баламалы қуат көзінен (күн, жел, су, биомасса) түсіп отыр. Жаңғыртпалы қуат көзінің басым бөлігі желден алынады екен. Өткен жылғы мәлімет бойынша, 86 пайыздың 51 пайызын қамтиды. Жел күшімен қуат алуға тек Еуропада емес, әлемде бірінші орынды Ұлыбритания алады. RenewableUK сауда қауымдастығының дерегі бойынша, жел электр стансасы бұл елдегі энергияға сұраныстың 23 пайызын қамтып отыр. Одан кейін Германия, Франция, Ирландия, Литва, Финляндия және Голландия желден қуат көзін алуды бір жолға қойды. Pronedra.ru сайты хабарлағандай, Исландия Еуропада тұңғыш рет толығымен баламалы қуат көзіне көшкен. Жаңғыртпалы қуат көзі дамыған сайын одан алынған өнім құнының бағасы да төмендеп жатыр. Кейбір елде электр қуатының квт/сағаты 2 центке (шамамен 4 теңге) түсіпті. Жанартау энергия көздері бойынша халықаралық агенттігінің (IRENA) есебіне сәйкес, 2025 жылы күн және желден алынған энергияның құны тағы 20-25 пайызға арзандайды. Біздің елде керісінше, электр қуатына жылда бағаның өсіп жатқанын ескерсек, баламалы қуат көзін дамыту өзекті екені айтпаса да түсінікті.

Мұндай баламалы энергетикаға Еуропадағы төменгі Австрия да көшті. Елдің бұл аумағында бұған дейін негізінен жел, күн энергиясы пайдаланылып келген болса, 2014 жылы елдегі энергияның басым бөлігі гидроэлектр стансаларының есебінен өндірілді. Сонымен бірге ресми

суммарлық күштілігі елде өткен жылы 43,18 млн кВт-ны құраған екен. Халықаралық энергетика агенттігінің (МЭА – *международное энергетическое агентство*) болжамына қарағанда, күн сәулесінен қуат алатын энергияны дамыту 2015 жылы 50 пайызға көбейген. Аталған агенттіктің ресми хабарламасына жүгінсек, 2015 жылы Қытай күн сәулесімен, желмен және гидромен қуатталатын стансаның бірталайын нақты іске қосып, көп жылдан бері алғаш рет көмір тұтыну көлемін күрт азайтқан. Егер елдегі энергияға қатысты жағдай дәл қазіргідей жылдамдықпен дами беретін болса, Қытайдың әлем экономикасындағы даму үлесі 88 пайызды құрайтын болады. Ресми мәліметке жүгінсек, 2020 жылға қарай Қытай жел энергиясын қолдануды екі есеге дейін арттыруды көздеп отыр. Олар биыл электрөкілетерді көбейтуді де мықтап қолға алып жатыр. Ауаның көліктен ластануына жол бермес үшін Қытай мен Еуропада эмиссиялық квота енгізілді. Енді автоөндірушілер мен сатып алушылар электр қуатымен жүретін көлікті сатуға және сатып алуға мәжбүр болады. Сәйкесінше, бұл салаға деңгер қызығушылық артады. Баламалы энергия көздеріне де сұраныс көбейеді. Оның үстіне Еуропада мұндай көлік аламын деушілерге субсидия беріледі. Сондай-ақ салық жеңілдігі қарастырылған. Ал жанар-жағармаймен жүретін көліктерге керісінше сан түрлі тосқауыл қойылатын шара жасалуда. Өткен жылы Қытайда қуатпен жүретін көліктің сатылымы 56 пайызға өскен. Аспан асты елдің кейбір ірі қалаларында экологиялық мәселеге байланысты жанар-жағармаймен жүретін көліктерді тіркемей жатыр. Мұндай шектеулер өз жемісін берді. Қытай нарығы осы уақытқа дейін әлемде электрөкілет шығарудан бірінші орында тұрған АҚШ-тан озып кетті. Бүгінде таксопарк, кокыс таситын мекемелер электрмен жүретін көліктер алуға. Осы жылдың соңына дейін ел толығымен ауысады деген жоспар бар.

Ал финдер теңіз жолаушы тасымалына жел қуатын пайдалана бастады. 2013 жылы Стокгольм (*Швеция*) – Турку (*Финляндия*) бағытына арнайы салынған Viking Grace кемесі негізгі күш құрылымының орнына, жел қуатын пайдаланатын болады. Жаңа технология Rotor Sail Solution деп аталады. Жобаны финнің теңіз өнеркәсібінде қуат көзін пайдаланатын көшбасшы Norserpower компаниясы іске асырды. Нақтырақ айтсақ, мұндай турбо желкенді 1922 жылы неміс инженері Антон Флеттнер ойлап тауып, патенттеп алған. Алайда бұл тәсілді ауқымды қолдану XX-XXI ғасырда іске асырыла бастады. Ал Norserpower жобасы Флеттнер нұсқасының жанартылған түрі болып табылады. Бұл

Viking Grace кемесі жанармай орнына табиғи газ қолданатын болады. Осылайша шығын жылына 300 тоннаға азаяды. Мұндай үнемделген көлеммен кеме ауа райына қарамастан, 3 тәулікке дейін жүре алады. Осылайша ең экологиялық таза кеме «жасыл» энергия көзіне айналады. Жаңа технология жүк тасымалы аясында да өзінің коммерциялық тиімділігін көрсетті. Viking Grace кемесінде жаңа технологияны қолдану 2018 жылы аяқталады.

**ДАМУДЫҢ БАСТЫ КІЛТІ**

Еліміздің де осы үрдістен қалмауына бірден-бір себепкер болатын ол биыл Астанада өтетін «ЭКСПО-2017» халықаралық көрмесі. 100-ден астам ел қатысатын көрменің негізгі тақырыбы болашақтың энергиясы болмақ. Кейбір сынаржақ пікір айтатын сәуегейлер болжамына қарамастан, нақ осы болашақ энергиясының игілігін көріп отырған дамыған елдер Астанадағы көрмеге зор ықылас танытты. Қазірдің өзінде кейбір павильонды алып жасақтау жұмысына кірісіп кетті. Астана күн, жел, биогаз, теңіз және термалды сулардың энергиясын қолдану бойынша әлемдік жаңалықтар мен трендтер ұсынылатын алаңға айналады. Баламалы энергетиканы пайдалану бойынша әлеуеті жоғары серпінді жобалар көрсетіледі. Елбасы атап өткендей, болашақта бүкіл әлем «жасыл» технологиямен алға жылжитын болады. Сондықтан күллі әлемнің ғылымы мен техника саласындағы ең үздік жетістіктері сараланатын көрме Астанаға ғана емес, еліміздің өзге өңірлеріне де айтарлықтай пайда әкеледі деуге негіз бар. Қазақ елі таңдаған «Болашақтың энергиясы» әлемдік экономикалық дамудың басты кілтін айналым. Сондай-ақ мемлекет басшысы Біріккен Ұлттар Ұйымы Бас Ассамблеясының 70-сессиясындағы сөйлеген сөзінде Астанада БҰҰ бастамасымен «жасыл» технологиялар мен инвестициялық жобаларды дамыту бойынша Халықаралық орталық ашуды ұсынған болатын. Сәтін салып бұл орталық та ашылып жатса, ел экономикасының дамуына дара жол ашылары сөзсіз.

Елдос ӨМІРЗАҚ

**СЕРПІН**



www.jasqazaq.kz

E-mail: jas\_qazaq@mail.ru

**Мұндай да болады**

Голландияда әлемде алғаш рет ұшатын автокөлік сатылымға шығарылды. PAL-V Liberty деп аталатын модельдің құны 499 мың еуродан басталады (шамамен 175 миллион теңге).



Ұшатын осынау көлік алғашында 90 мыңы шығарылды. Сатылым сәтті өтсе, бұл көлем ұлғаюы да мүмкін. Ал ең алғашқы тұтынушылар ерекше автокөлікке тек 2018 жылы ғана қол жеткізе алады. Sn.kz

хабарлағандай, PAL-V Liberty көлігінің екі қозғалтқышы бар. Бірі – жолда жүруге арналса, екіншісі – ұшуға лайықталған. Автокөліктің ұшу аппаратына айналу уақыты шамамен 5-10 минуттың аралығын құрайды.

**Форум**

Қазақ ұлттық аграрлық университетінде Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» атты Қазақстан халқына Жолдауы бойынша «Агроөнеркәсіптік кешен – Қазақстан Республикасы экономикасының дамуының драйвері» тақырыбындағы республикалық форум өтті.

**ЕЛ ЭКОНОМИКАСЫНЫҢ ДРАЙВЕРІ**



Елбасы халыққа арнаған Жолдауында экономиканың аграрлық секторындағы шешілуі тиіс түйткілді мәселелерге тоқталған еді. Еліміздің ауыл шаруашылығы экономика дамуының драйвері екенін атап өтіп, мемлекет басшысы: «Көптеген позициялар бойынша бұл әлемде ірі аграрлық экспорттық өнім өндірушілердің бірі бола аламыз» дей отырып, ауыл шаруашылығы ел экономикасын дамытудың жаңа драйвері екендігін атап өткен болатын. Сонымен қатар мемлекет басшысы шикізат өндірісінен сапалы өңделген өнім шығаруға көшу қажеттілігіне де тоқталған болатын. Нұрсұлтан Назарбаевтың айтуынша, ауыл шаруашылығы өндірісін әртараптандыру арқылы 2021 жылға қарай «азық-түлік тауары экспорттың 40%-ға көбейту керек».

Мәселен, шаруалар ауыл шаруашылық мақсатындағы жерлерді тиімсіз пайдаланудың әсерінен айналымнан 18 мың жер учаскесі қолданысқа жарамсыз болып қалған. Сонымен қатар университет басшысы ауыл шаруашылығындағы техника жабықтығы жайына да тоқталды. Тілектес Исабайұлы «Қолданыстағы трактор парктерінің 80 пайызының жағдайы нашар. Оларды жанарту жайы жылына 1-3 пайыз көлемінде қалып отыр», – деп атап өтті. 2015 жылы шыққан «Ауыл шаруашылық



кооперативтері туралы» Заң ауыл шаруашылық өндірушілердің экономикалық бірлестігін қамтамасыз етеді. Жер иелері кооперация жұмысының болашағы баянды екендігін түсінуді керек екендігін де атап өтті.

Гүлнұр ЖҰМАТАЕВА

**Байланыс**

**ЛОНДОНҒА АПТАСЫНА БЕС РЕТ**

Осы жылдың маусым айынан бастап «Эйр Астана» әуе компаниясы Астанадан Лондонға аптасына бес күн ұшатын болады. Әуе компаниясы Астанадан Лондонға жексенбі күндері ұшатын қосымша бесінші жиілікті енгізеді.



Осылайша, Ұлыбритания астанасына ұшатын рейс аптаның сәрсенбі және жұма күнінен басқа уақыттың барлығында орындалатын болады. Рейс экономикалық санаттағы 150 орын мен бизнес санатындағы 16 орын бар «Боинг-757» лайнерінде іске асады. Астанадан Лондонға ұшу ұзақтығы 7 сағат 10 минутты, кері қарай 6 сағат 25 минутты құрайды. Баспасөз қызметінің мәліметі бойынша, транзитті жолаушылар үшін Қазақстан қалаларында, сондай-ақ Бішкек, Үрімші, Тбилиси, Новосібір, Екатеринбург қалаларында түйісу қарастырылған.



мәліметке жүгінсек, ЕО (Еуроодақ) 2050 жылға қарай парникті газдың шығарылуын 80-95 пайызға дейін қысқартпақ.

Геотермалдық энергия да барлық мұнай мен газға балама таңдау ретінде қарастырылады. Тіпті жер қыртысындағы энергияның 1% пайыз ғана геотермалды энергияның өзі әлемдегі мұнай мен газдан 500 есе асып түсетін энергия мөлшерін бере алады. Әйтсе де өзінде белгілі бір себепке (*асиресе экономикалық себепке*)

# 6 ЖҚ МАЗАСЫЗ МҮЙІС

www.jasqazaq.kz

E-mail: jas\_qazaq@mail.ru

## Шырмай

Бірінші кейіпкеріміз өзін Амангелді Бисеновтің деп таныстырды.

Атырауда туып-өскен Амангелді бұған дейін «кісі өліміне қатысы бар» деген айыппен 15 жылға сотталып шыққан екен. Екіншісі – Эмиль Амрахов. Ол Ақтаудың тумасы. Бірінші рет істі болып отыр. Жігіттердің екеуі де біраз елде тыйым салынған «Әт Тәкфир Уәл Хижра» ағымының өкілі.

Амангелді осы ұйымды насихаттаушы лидерлердің түрлі лекция, аудиожазбасын әлеуметтік

тағылды. Келісемін, мен елімізде тыйым салынған ұйымға ерушілердің лекциясын «В Контакте» желісіндегі өз парақшама орналастырдым. Сол лекция, аудиожазбаны үнемі тыңдап жүрдім. Жанымда мен сияқты ілім іздеп жүрген жігіттер де болды. Бірақ олардың кім екендігін ашып айта алмаймын. Біздер үйренген ілімімізді арасында

өкінетін Амангелді Сирияны қантөгіс алаңына айналдырған террористік бағыттағы ДАИШ ұйымының ұстанымын қолдамайтынын айтты. «Бауырларымыз ілімді интернеттен емес, кәсіби мамандардан алуға шақырамын. Өзіміздің Ақтөбеде, Алматыда орын алған қанды оқиғалар да адасқандардың ісі. Кез келген адам бейбіт елде өмір сүруге ұмтылуы керек» – деген Амангелді жастарды

АТЫРАУ ҚАЛАСЫНДАҒЫ УГ 157/1 №9 ТЕРГЕУ ҚАПАСЫНА КІРУ ОҢАЙ БОЛҒАН ЖОҚ. БАСЫНАН БАҚАЙШАҒЫНА ДЕЙІН МҮЗДАЙ ҚАРУЛАНҒАН АРНАЙЫ КҮЗЕТ БІЗДІ ЖІТІ ТЕКСЕРУДЕН КЕЙІН ҒАНА ІШКЕ КІРГІЗДІ. ОНДА ДА ІШКІ ТӘРТІПТІ ТҮСІНДІРІП, БІРАЗ УАҚЫТҚА БӨГЕДІ. ЕҢСЕНІ ЕЗЕРДЕЙ ҚАПАСТЫҢ ІШІ СУЫҚ КӨРІНДІ.

АРНАЙЫ КҮЗЕТ ЫЗАҒА БУЛЫҚҚАН ЕКІ ЖІГІТТІ АЛЫП КЕЛГЕНДЕ, ТІПТІ САСҚАЛАҚТАП ҚАЛДЫҚ. ӨЗДЕРІН КӨҢІЛСІЗ ҒАНА ТАНЫСТЫРҒАН ЖІГІТТЕР ДЕ БАСТАПҚЫДА ШЕШІЛІП ӘҢГІМЕ АЙТА ҚОЙМАДЫ. ӘР СҰРАҒЫМЫЗҒА ҚЫСҚА ҒАНА ЖАУАП БЕРІП ОТЫРДЫ.

Эмиль де Қазақстанда тыйым салынған «Әт Тәкфир Уәл Хижра» ұйымының өкілі.

«Мен зайырлы отбасында өстім. Өзімді бұрын мұсылманның да, христианның да қатарына жатқызбайтынмын. Дінге осыдан алты жыл бұрын бет бұра бастадым. Әуелі Библияны, кейін Мұхаммед пайғамбар (с.ғ.с.) туралы оқып жүрдім. Өзіме түсініксіз мәселелерді ұғына түсу үшін дінді тереңірек білетін азаматтардың көмегі керек болды. Сөйтіп, бағыт-бағдарды интернеттен іздедім. Ақырында дін атын жамылған ұйымның жетегінде кеттім. Адам білімді ғаламтордан емес, ұстаздан үйренуі керек екен», – дейді ол.

Эмиль бұған дейін өзінің нақты кімдерді ұстаз санап келгенін айтудан бас тартты. Бір біліміміз, оның да жанында өзі сияқты пікірлестері болған. Эмильді де, Амангелдіні де темір торға әкеліп тынған тәкфиршілер ерушілерін мешіт атаулыға мүлде бармауға үгіттейді. Олардың пікірінше, имамға уә қателік болып табылады. «Кәпірге шығару» сияқты ессіз әрекетімен қоғамды іштен ірітуді көздейтін тәкфиршілердің «сенімі» радикалдык көзқарастан тұрады. Өкініштісі сол, жігіттердің екеуі де қателескендерін тым кеш түсініп отыр...

Екі тәкфиршіге қатысты сот үкімі шықты. Экстремизмді насихаттағаны үшін істі болған Амангелді Бисенов 6 жылға бас бостандығынан айырылды. Жазасын ерекше режимдегі колонияда өтейді. Эмиль Амрахов 5 жылға сотталды. Ол жазасын жалпы режимдегі колонияда өтеп жатыр.

Баян БЕК, Атырау қаласы

# КЕШ ӨКІНДІ

## ТАҚЫРЫПҚА ТҰЗДЫҚ

\*«Әт Тәкфир Уәл Хижра» 60-жылдардың ортасында Мысыр мемлекетіне қарсы қастандық әрекеті үшін тұтқындалған

\*Астана қаласы Сарыққа аудандық сотының 2014 жылғы 18 тамыздағы шешімімен «Әт Тәкфир Уәл Хижра» ұйымы экстремистік деп танылды.

\*Тәкфиршілер несімен қауіпті? – адамдарды «мұсылман» және «кәпір» деп екіге бөледі. Жеке отбасында әкеге баланы қарсы қойып, ата-ананы баласынан тірідей айырады; – халықтық салт-сана мен әдет-ғұрыптың күллісіне «ширк» (Құдайға серік қосу), «бидғат» (дін жолына жаңалық енгізу) және «көпқұдайшылық» деген айдар тағып, жала жабу арқылы ұлттық мәдениетті ойсыратады.

өз қателігін қайталамауға шақырады.

Амангелдімен бірге істі болған Эмиль отызға да толмаған. Небары 27 жаста. Ақтаудың жігіті. Әкесі әзірбайжан, анасы орыс. Бұрын сотталмаған. Оның артында қазір екі бірдей сәбіи мен жұбайы қалды. «Әкем мен анам не болғанын әлі түсінбей, қапаланып отыр» – дейді Эмильдің өзі.

Жергілікті жерлердегі барлық деңгейдегі әкімдердің халық

алдындағы есеп беру кездесулері де

аяқталуға жақын. Таяуда Көкшетау қаласының әкімі Ермек Маржықпаевтың қала тұрғындарының алдындағы есеп беруі «Достар» мәдениеті сарайында, облыс әкімі Сергей Кулагиннің қатысуымен өткізілді. Өткен жылғы атқарылған шаруаларды жіпке тізгендей етіп айтып берген қала әкімі ағымдағы жылы атқарылмақ істі де шолып өтті.

## Кері кеткен

Өткен жылы бірқатар шаруалар жүзеге асырылды. Дейтұрғанмен, атқарылмағаны таразының басын төмен

# ЖАҒЫМПАЗДАР ЖАРЫСЫ

тартары хак. Баяндамадан кейін жарыссөзге шыққандар қызыл сөзді қуырып, бірінен-бірі асырып, мақтауға көшті. Ел сөзінің ауаны жалаң мақтауға ауған кезде он бүйірінде отырған біреу күн ете түсті. «Өздерінің сайлап қойған адамдары ғой» деді ол. Айтса айтқандай, жарыссөзге шыққандардың көбі сөздерін қағаздарынан оқып тұр еді. Өз ойлары болса, жатқа айтар еді ғой. «Өткен жылы егілген гүл, жөнделген көше және басқа да іс сіздің арқаныз» деді олар. Жана ғана баяндамада осы шаруаға миллиондаған, миллиардтаған қаржының бөлінгендігі



айтылған болатын. Ертеректе біздің облысты Мәжит Есенбаев дейтін азамат басқарып еді. Мәкен кей кезде жоспарланбаған, бюджеттен қаржы бөлінбеген шаруаларды да тапсыра беретін. Сол кезде сала басшылары:

– Мәжит Төлеубекұлы, ақшасы қайда? – деп күмілжитін. Мәкеннің аңызға айналып кеткен «с деньгами и дурак делает» дейтін мәтел іспеттес, мақалға бергісіз шығырып айтар бір ауыз сөзі болушы еді. Жанағы бөлінген миллиардтарды естіп отырып ойладық, мұншама қаржы бөлінсе, шынында да, кім болса сол істемей ме? Ал проблема шаш етекпен. Көкшетау қаласында тұшынып ішер ауыз су жоқ. Жылы су екі бастан. Орталықтандырылған газ жүйесі көпқабатты үйлердің ширегінде ғана. Қаланың шеткі аудандарын қар басып жатыр. Автобус қатынасына реніш көп. Мұның бірі айтылмады.

Топан сөздің арасында «Ел бірлігі» қоғамдық бірлестігінің төрағасы Сансызбай Мұқитанов ақсақал ғана ел ардағы Еркін Әуелбековке бюст орнату керектігі туралы жалғыз ауыз сөз айтты. Жалғыз-ақ ауыз болғанымен, құны алтыннан қымбат.

Бірімен-бірі социалистік жарысқа түскендей сыпыра шыырған, өркіп лықсыған көп шешен қала тұрғындарының өсіп келе жатқанын тілге тиек етті. Бұл табиғи өсім емес екендігін ескерген ешкім жоқ. Алыстағы ауылдар бірінен соң бірі жабылып, күнін көре алмаған көп кісі облыс орталығына ошарылуға. Көші-қонның ішкі дүмпінін арқасында жақсарған облыс орталығындағы демографияның сәл-пәл жақсаруы да сіздің арқаныз деп айтып қала ма деп тақымымызды қысып отырдық. Кім біледі. Жағымпаздардың жарысы емес пе, жас сәбилердің өмірге келуінде де әкімдердің үлесі бар десе, келесі күні кейбір келіндердің көздері көгеріп жүрер, құрысын!

Байқал БАЙӘДІТОВ

## «БАЛАМЕН ҚАУЫШУ»

– Ата, мынау не?  
– Домбыра ғой балам. Мен саған арнайы әкелдім.  
– Жандос, балам немереме домбыра шертіп берші?  
– Астағирулла не мынау? Өртеп жіберу керек мынаны...  
– Домбыраны ма, балам?  
– Домбыра – харам. Шайтанның әскері болмандаршы. Тастаныз, мынаны!  
– Алла сақтасын. Домбыраны харам деп кім айтты саған балам?  
– Бір ғалымдар айтты. Есіме түспей тұр. Бірақ атақты ғалымдар айтты.  
– Бабаларымыз осы домбырамен діннің ақ жолында жүріп, жырын айтқан балам.  
– Бабаларыңыз таухид. Ақиқат жолын білмейді.



Бері ширк.  
– Мына баламның әңгімесін миыма сыйдыра алмай тұрмын, кемпір. Өз баламды өзім танымай тұрмын. Ақылға кел, тоқта бала қайда кетесің?  
– Сирияға.  
– Қайда шықтың?  
– Алла жолында жиһадқа...  
– Тоқта қайда барасың?  
– Сендер осында қала беріңдер. Ана жақта мұсылман бауырлар өліп жатыр. Кәпірлердің арасында жүргенше, мұсылман бауырлар арасына барып, өлгенім артық.

«Өнер қырандары» театры «Діннен адасқан Заман-ай» қойылымынан үзінді

желі арқылы кеңінен таратумен айналысып келген.

«Бостандықта небары тоғыз ай ғана жүрдім. Үйленіп, өмірімнің жана парақшасы ашыла бастаған сәтте, тағы да ауыр жағдайға тап болып отырмын. Бұл жолы маған «экстремистік сипаттағы ақпаратты ашық жариялап, насихаттады» – деген айып

кездесіп, өзара талқылап отыратынбыз.

Теріс ағымның жетегінде кетіп, қателескеніме өкінемін. Сол қателік мені түрмеге әкелді – деген Амангелдінің артында анырап ата-анасы, жүкті келіншегі қалды.

Сенім мәселесінде оңбай қателескеніме

# ЗЕРЕ АНАСЫН ІЗДЕЙДІ

Үйден шыққанда баланың жылаған даусын естідім. Көршінің баласы деп ойладым. Сыртта тұрған көлігіме беттегенде жерде отырған нәрестені байқадым. Күртешесіне хат қыстырылған. Онда «Аты Зере. Бір жас үш айлық. Келесі айда алып кетемін. Ешкімге хабарласпаңыздаршы» – деп орысша жазылған».



Бұл туралы бізге Жамбыл облысы Меркі ауылының тұрғыны хабарлады. Атын көрсетпеуді өтінген азаматша, баланы белгісіз біреу тастап кеткенін айтты. Төтенше оқиға Мәншүк Мәметова көшесінде орналасқан бір үйдің ауласында 14 ақпан күні сағат кешкі 22.00 таман орын алған. Бірден жергілікті тәртіп сақшыларына хабар береді. Қарама-қарсы үйде бейнекамера орнатылған. Онда бір жас қыздың сағат 21.48-де қақпадан кіргені көрсетілген. Бірақ түрі анық емес. Жол бойында тұрған таксистің бірі – тәртіп сақшысына көкек аяны Алматы-Ташкент тасжолының бойына жеткізгенін айтқан. Нақты қай бағытқа кеткені белгісіз. Бала бір жастан енді асса да, «мама, мама» – деп анасын қайта-қайта іздейді екен.

Елдос ӨМІРЗАҚ

О, тоба!

**Ой толғау**

**«БӨТЕН КІСІ ҚАЗАҚҚА ЕШҚАНДАЙ ЕШТЕҢЕ ЖАҚСЫЛЫҚ ӨКЕП БЕРМЕЙДІ» ДЕГЕН ЕДІ ӘЛИХАН АТАМЫЗ. АЛ БІЗ БОЛСАҚ, АНАУ БІЗГЕ ЖЫЛЫ СӨЗ АЙТЫП ЕКЕН ДЕП, КҮЛЕ ҚАРАДЫ ЕКЕН ДЕП МӘЗ БОЛАМЫЗ. СОНЫ ЖАРЫСА**

**ЖАЗЫП, АТОЙЛАЙМЫЗ. КӨП ДҮНИЕНІ ЖЕҢІЛ-ЖЕЛПІ ҚАБЫЛДАУҒА ҮЙРЕНІП АЛҒАНБЫЗ. СОЛ СЕБЕПТЕН ДЕ ҚАЗАҚҚА-ҚАЗАҚТЫҢ ЖАНЫ АШЫМАЙТЫНДАЙ ЖАҒДАЙҒА КЕЛЕ ЖАТЫРМЫЗ.**

Неліктен осылай болып жатқаны зиялы қауымға жұмбақ дүние емес. Айналамызға бір сәтке болсын, саналы оймен және шынайы көзбен қарауды ұмытпау керекпіз. Расымен де, болашақтың қамын жеп, ел тағдырына шынайы алаңдайтын күн туды. Қай елден алда болсақ та, қай бөйгеден бас жүлде алып, өзгені таңдандырып жатсақ та, ешқайсысы да біздің ертенгі танымызға шынайы кепілдік бере алмайды. Болашақтың ұлы керуені намысы от шарпыған жігерлі елдің асқақ рухымен жалғасын табады. Қазіргі қоғам өз бойындағы осындай құндылықтарды жоғалтып алды. Еліктеушіліктің арқасында, жат мәдениеттің жетегіне еріп кеткен халқымыздың санасын ұлап

өр мінез бен мұқалмас жігер — болашақтың дара жолы мен іргесін қалар басты қаруымыз. Әлемді таңдандырғанымыз келсе, қазақтың қазақшылығына жат дүниелерге барып немесе өзге жұрттың таңсығына еліктеу арқылы емес, іргесі берік бірлігіміз бен асқақ армандарымыз бен жалынды да жігерлі рухымызбен де мойындата аламыз. Оған дәлел ретінде, Сарыарқаның бойына тұнған сазды әуенді әлем

мактан көру емес, өз дәстүріміздің қадірін түсінбей жатып, жат халықтың

# АМАНАТ ЖҮГІ АУЫР...



жатқан жат дүниелердің болашағымыз үшін қаншалықты қауіпті екенін алай келеміз. Күн сайын жана бір жаға ұстатар жағдайлар орын алып жатыр. Бірақ бұл басыздықтармен күресудің орнына, керісінше, бір-біріміздің бойымыздан кемшілік іздеп, өз-өзімізді тереңге қарай батырып барамыз. Көгілдір жәшіктің ажырамас бөлігі болып кеткен азаматтарымыздың да қатары артып келеді. Сол жәшіктен күні бойы көретініміз шетелдің түрлі сериалы. Осыдан алып жатқан үлгі-өнегеміздің өзі көп дүниенің қасиетін жоғалтып жатыр. Осылай тізе берсек, түрлі жағдайлардың барлығы да бізді үлкен бір аласушылыққа алып бара жатқанын байқаймыз.

Ақиқатына келсек, алып жатқан бас бәйгелеріміз, өткізіп жатқан дүбірлі долларларымыздың барлығы дерлік қазіргі және өткен тарихтың еншісінде қалатын дүние екенін ұмытпағанымыз абзал. Ел бойындағы

жұртшылығына жеткізіп, тамсандырып жүрген — Димаш Құдайбергенов. Қазақтың атын паш етіп, талай азаматтарды селт еткізген сері жігіттің бар жақұты халқының шын ризашылығының арқасында биікке көтерілуінде.

Өнер бәйгемізде қазақ атты алпауыт елдің асқақ айыбын танытуға бар күшімізді жұмсамақ, ұлттық тәрбиенің шын құнын бағалай алатын боламыз. Міржақып Дулатов: «...Бүгінгі қазақ елі екі жолдың тарауында тұр. Біреуі — құлдық жолы, екіншісі — жұрттық жолы». Иә, біз жұрттық жолдың көшіне бет алып, керуенімізді ұлы мұратқа жалғалық. Дәл қазіргі сәтте көп іс-әрекетіміз тек сөз жүзінде ғана шынайы болып бара жатыр және сөз жүзінде ғана қиялдағыдай өмір сүріп жатқандаймыз. Жұрттық жолдың қандай болатынын әлі де болсын түсінбеген болармыз. Ол дегеніміз — ана тілінді шетке ысырып, өзге тілде сөйлегенді

мәдениетіне қызығу емес. Жас сәби көзін тырнап ашқалы естігені ананың бесік жыры, әженің ертегісі емес. Сансыз ақшаны сұрауы жоқтай желге шашып, қара басының қамын ойлап күн көру, ақшаға құнығып, үстіндегі шүберегінді айырбастау да емес. Осылай қатарын тізе берсең, өзіміздің қолымыздан жасалып жатқан талай қателіктің барлығы да құлдық жолға қарай сүйреп барады.

Бос қиялға және құр арманға шынымен де, беріліп кетпесек болғаны. Түбі не болар анық емес...

Осы уақытқа дейін ата-бабамыз қадірін жете түсініп, бізге аманат еткен рухани байлықтарымыз қазақ еліне Тәуелсіздік атты тәтті дәмді татуға көмегін тигізді. Тіліміздің наркескендей өткірлігінің арқасында, рухымызды оята алдық. Дәстүріміздің асқақтығының арқасында Алты Алаштың ортақ арманын тоғыстыра алдық. Қандай жағдай болмасын ұлы көшіміздің ұлы мұраттарының ұшқынын өшіріп алмау керекпіз. Ата-бабамыздың алдында мәңгі борыштарымыз және ауыр аманатты арқалап жүрміз. Аманатқа қиянат жасауға өсте болмайды. Күнделікті жаңалықтан адам сенгісіз жағдайға куә болудамыз. Тіпті сол жағдайларға етіміз үйреніп кеткендей аса таңданыс білдірмей-ақ жүре беретін болдық. Тамшы тама-тама теңіз болады. Ал енді қоғамдағы сол жағдайлардың көбі дерлік ұсақ және елеусіз жағдай көрінгенмен түп-түбінде үлкен бір рухани құлдырауға алып бармасына кім кепіл? Қазаққа-қазақтың жаны ашымаса, қазақтың қамын қазақ жемесе, өзгеден күткен жақсылығымыз өзімізге қайта айналып келіп, үлкен соққы болып тиер. «Жат жұрттық ешқашан да жарытқан да, жерсінген де емес, бүгін балын берсе, ертең уын ұсынады, түбі тыныш болғай» деген сөзді оқып едім бір кітаптан. Қазіргі қоғамда орын алып жатқан түрлі жағдайдың басым көпшілігі ел болашағы үшін аса маңызды. Сондықтан да әрбір қадамымыз бен іс-әрекетімізге үлкен жауапкершілік танытайық.

Тілеген КӨГЕРШІН, *studem*

## Интернетті қаншалықты тиімді пайдаланып жүрсіз?



**Оразай ҚЫДЫРБАЙ,**  
Сүлеймен Демирел университетінің 4-курс студенті:

— Өз басым 100 пайыз тиімді қолданып жүрмін деп айта алмаймын. Интернетті әдетте оқып-ізденіп, алыстағы достармен сұхбат құру үшін қолданамын. Әлеуметтік желіге кіріп кетіп, шыға алмай қалатын кезім де болады. Кеше мынадай қызық болды: Ютубтан сериал көріп отырғаныма интернет өшіп қалды. Сол сәтте интернеттен жұмысқа қажет нәрсені іздеуім керек екені еске түспесі бар ма? Интернетімді текке жұмсағаным өкінім.



**Елдос АЙТБЕКҰЛЫ,**  
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің магистранты:

— Күнделікті күйбең тіршілікте интернетті өз мансабы үшін қолдану кез келген адамға пайдалы дер едім. Мен де сол қолданушылардың бірімін. Мені қоғаммен тікелей байланыстыратын осы интернет. Интернет арқылы өзіме керекті дүниелерді күнделікті алып отырамын.



# МЕН ЖӘНЕ ҒАЛАМТОР



**«ЖАС ҚАЗАҚ» ГАЗЕТИ СТУДЕНТТЕР АРАСЫНДА «МЕН ЖӘНЕ ҒАЛАМТОР» АТТЫ ТАҚЫРЫППЕН ЭССЕ ЖАЗУ БАЙҚАУЫН ҰЙЫМДАСТЫРАДЫ. ҚАТЫСУШЫЛАР ӨЗ ШЫҒАРМАЛАРЫН 2017 ЖЫЛДЫҢ 18 АҚПАНЫ МЕН 1 НАУРЫЗ АРАЛЫҒЫНДА [jas\\_qazaq@mail.ru](mailto:jas_qazaq@mail.ru) ЭЛ.ПОШТАҒА ЖІБЕРУІ ТИІС.**

**ЖАРЫС ШАРТПАРЫ:**

Эссе Microsoft Word форматы түрінде (шрифт 14, жоларасы 1,5 интервал, Times New Roman қарпі) қабылданады; 500 сөзден кем болмауы керек; Байқау қорытындысын қазылар алқасы шығарады. Жеңімпазды анықтау барысында [jasqazaq.kz](http://jasqazaq.kz) сайтында ең көп оқылған шығармаға басымдық беріледі.

**ҮЗДІК ШЫҚҚАН ҮШ ШЫҒАРМА «ЖАС ҚАЗАҚ» ГАЗЕТИНЕ ЖАРИЯЛАНЫП, ЖЕҢІМПАЗДАРҒА АҚШАЛАЙ СЫЙЛЫҚ БЕРІЛЕДІ**

Толық ақпаратты [jasqazaq.kz](http://jasqazaq.kz) сайтынан біле аласыз.



# ЖАҢА ҚАЗАҚ



[www.jasqazaq.kz](http://www.jasqazaq.kz)

E-mail: [jas\\_qazaq@mail.ru](mailto:jas_qazaq@mail.ru)

## Қаз-қалпында

— Аслан, Алматыға қандай мақсатта, қашан келген едіңіз?

— Менде көптеген жастар сияқты Алматыға арман қуып келдім. Ол 2014 жылдың жаз айы еді. Өзім ОКО, Түлкібас ауданынан боламын. 9 класты бітіріп, колледжде білім алдым. Колледжден кейін біраз уақыт ауылда жұмыссыз жүрдім. Ауылда жата бермей Алматыға барып, жұмыс істейін деген мақсатта қалаға жол тарттым.

— Келген кезіңізде алдыңыздан қандай келергі бірінші болып шықты?

— Мен үшін ең қиыны ол баспана болды. Басында туған-туыстың үйін жағаладым. Бірақ бүгінгі заманда туған-туыстың өзі ұзақ жатқанды жақтыра қоймайды ғой. Сондықтан көп ұзамай базар маңына жақын жерден, Алтын Орданың артынан 10 мыңға үй жалдап тұрдым. Үй дегенде мүлде жағдайы жасалмаған, аты ғана.

**Алматыдағы Наурызбай аудандық «Бағдаршам» бейімдеу орталығына қаладағы бір базарда жүк таситын Аслан (есімі кейіпкердің өтініші бойынша өзгертілген) есімді азамат келді. «Болашақ» жастар қозғалысының бастамасымен ашылған орталық туралы достарынан естіпті. Мұнда жұмыс табуға көмектесуден бастап, тіл үйрету курсына дейін ұйымдастырылуда. Алайда бұл орталықтың басты мақсаты – жастарды қала өміріне бейімдеу болып табылады. Орталықтың қызметіне жүгінген Аслан «Бейімдеу орталығының арқасында тура жолға түсе білдім», – дейді.**

## «БАНДИТ» БОЛУДАН САҚТАДЫ»



Не суы жок, қыста суық. Бір аулада кемі бір 30-40 квартирант болған шығармыз.

— Қаладан жұмыс табу ойыңыздағыдай жүзеге асты ма?

— Шынымды айтсам, мен екі қолға бір күрек тапсам болды деген ниетпен келдім. Біраз мекемелерге барып көріп едім, жұмыс стажын талап етті. Кейіннен ханды да, қарашаны да өзектен теппейтін базарға барып, жұмыс іздедім. Диплом талап етпейтін жерде арба сүйретіп, жүк тасып, күнімді көрдім. Күніне 2-3 мың теңге табатынмын. Бірақ базардың өз заңдылығы мен өмірі бар екен. Оны мен кейіннен білдім. Бірде кешкі уақытта, донерхананың жанында күні бойы тапқан ақшамды санап тұрып едім, үш жігіт келіп ақшамды тартып алды. Сөйтсем, ол сол базардың маңында тұратын бандит жігіттер екен.

— Ақшаңызды тартып алғаннан кейін не істедіңіз?

— «Мал ашуы жан ашуы» демеі ме қазақ. Күні бойы маңдай терімді төгіп, бөлім майысып тапқан 2-3 мыңымды бұзақыларға беріп қоймаймын деген ниетпен, қалтама пышақ салып жүретін болдым. Алдымнан шықса, аямаймын деген ашумен жүрдім. Бүгінде сол жігіттердің екінші мәрте алдымнан қайта шықпағанына қуанамын. Ойланып қарасам, бандиттен сақтанамын деп, өзім бандит болып кете жаздаппын.

— Бұл орталық жайлы қайдан білдіңіз?

— Базардың жігіттері қала базарлары арасында футболдан турнир өтеді деп айтып жүрген. Маған да қатысасын ба? — деп ұсыныс тасталды. Бірақ менің ол сәтте денсаулығым болмай жүргендіктен, қатыса алмадым. Кейін сол жігіттермен тағы бір сөйлескенімде, сол турнир жайлы айтып берді. Турнирді ұйымдастырған ұйым қосымша орталық ашып жатыр, онда жұмыссыздарға жұмыс табуға көмектеседі екен деді. Тіпті тегін деп қалап айтты. Таңалдым. Кейіннен ойлана-ойлана келіп, «мен қашанға арба тасушы боламын» деп, сіздердің орталықтарыңызға келдім. Ұсынған қызметтер маған ұнады. Шыныммен тегін екен (күлді). Мына заманда тегін ештеңе жоқ қой. Өткенде орталықтарыңызда бір жігіт «Даму» қоры жайлы айтып берді. Ойлап қарасам, менде кәсіп аша алады екенмін. Алла бұйырса, жазда балмұздақ сататын жылжымалы дүңгіршек ашсам деймін.

— Қазір немен айналысып жүрсіз?

— Қазір базардан кеттім. Үш жігіт бірігіп пәтер жалдап тұрамыз. Сауда орталығында жүк тасушымын. Бірақ бұл уақытта. Өйткені арманым орындалатынына сенемін. Базарда жүре бергенімде, бәлкім, ашудан, бәлкім, шарасыздықтан қылмыс жолына түсіп кетер ме едім. Уақытым болғанда «Бағдаршамға» ағылшын тілі курсына барып тұрамын. Бірақ қолым көп тие бермейді.

— Сұхбатыңызға рахмет.

Сұхбаттасқан  
Әйгерім ӘБДРӘШИТОВА



**Меруерт ӘЛІБЕК,**

Қазақ мемлекеттік медицина университетінің 3-курс студенті:

— Сабағымға қатысты материалды интернеттен жүктеп аламын. Сонымен қатар өлімізде болып жатқан жаңалықтарды біліп отыруға тырысамын. Музыка тыңдаймын, достарыммен қызықты ақпараттар бөлісіп отырамын. Алыстағы туыстарыммен хабарласу үшін интернет таптырмас құрал.



Бетті дайындаған:  
Әбдіманан КЕҢЕС, студент

Ару-Ана

(Басы 1-бетте)

Сөз – құлын да, ой – жылқы.
Зады, бірегей тұлғаларға,
бірегей кітаптарға сын есім жүрмейді.
Ойдың жанарға жеткен жылтылындай
– жанардың жарығы да жанға
түседі. Ой ойнамай – сөйлем жоқ.
Ақынды прозамен тексеріп алса
– теріс емес. Ашық айту – анық
айту болғанымен, аққатты
айту емес». «Стиль – ол адам»
(Бюффон). Стиль жоқтың
жазғанын оқу – арпа талқанды
құрғақ асағандай. Стильсіз
жазушы, өз стилін таба
алмаған жазушы іріге еліктеп
көлеңке-калькаға барады да,
сорпаның сорпасының сорпасы
болады. Калька тұтқиылдан
– қазан сорпаның сорпына
жаралады. Еліктеме. Еліктеп-
солықтандың ба – мазаққа өзін қалмау
үшін – бойлап, барар жеріңді біл. Сен
түгіл балықтың өзін жаңқадай ойнатар қара
иірітіне жсолама. Мұхаңдар почерк-графиканың
өзін қисайтып жібереді»...



бейнесі» және
«Өнер – көркем
текст» деген
ұстанымдарға
жүгінеміз. Біздіңше,

Асекең осынау екінші бағытқа көбірек ден қойған
адам. Әсіресе, ол әдебиетімізге үлкен сапалық
өзгеріс әкелген «алпысыншыжылдықтар» буыны
арасында айрықша көркемдік-эстетикалық
сапалық жаңалықтар енгізген тұлға ретінде
ерекшеленді. Және жайдақ жазушы емес.
Көптеген қаламгердің не айтқалы отырғанын
бірден түсінесіз. Ал Асқарды ұғу қиын. Оқиға
қуып жазбайды. Белгілі тақырыпты қаузау әдісі
де мүлде бөлек. Кезінде оның шығармашылығын
«Кітап аты – «Бесін», авторы – Асқар» деп қазақ

Бұл – еменнің иір бұтағындай бөлекше
болмыс-бітіммен, өнер мен әдебиетке, тіпті
өмірге деген айрықша көзқарасымен, телегей
теңіз білік-парасат, терең талғам-танымымен
көзі тірісінде-ақ аңызға айналған қаламгер Асқар
Сүлейменовтің «Шашылып түскен тіркестер»
толғаныс-түйіндерінің бір үзгіі.

Андаған адам осынау жолдардан-ақ қаламгер
колтанбасының тосындығын байқар еді. Автор
бір сәт батыл байламдары арқылы оқырманын да
өзінің бұырқанып, арнасынан лықсып төгілген
тұңғық ой әлеміне сүнгітіп отырады.

Біз бұл сапар өз тағдыры да күрделі Асқар
Сүлейменовтің жары, белгілі әдебиет сыншысы,
мәдениеттанушы Әлия Бөпежановадан
үйелмендерінің кейбір отбасылық әм
шығармашылық одақтары төңірегінде сыр
тарттық. Жолдасынан әлдеқайда
жас Әлия, осы, кезінде Асекеңді
қалайша ұнатты екен?

Әрине, бұл Әлия әріптесіміздің
де көптеген замандастары секілді,
ең алдымен Асқардай ерен
тұлғаның енбектерін
жоғары

бағалағаны
анық. Сонда да, екі
адамды үлкен сүйіспеншілік
сезіміне бастайтын басқа да бір
бөлекше қарым-қатынас белгілері болуы керек
емес пе?

– Мен бұ кісіні ағам секілді жақсы көрдім
бастапқыда. Арада, алдымен, рухани бір
жақындық туындаған сияқты. Бірақ ә дегенде
іштей жақтыртпай қалғанды ма рас. Бірде
жұмыс бабымен телефон соғуыма тура келді.
Сөйлескенде, біртүрлі, ерін ұшымен сөйлейді
екен де. Амансыздан, тура бір, осы кісіден қарыз
сұрап тұрғандай күйге түсіп қаласын. Сосын,
онша жаратпай, ә, мейлі онда, жақсы деп қойып
қойдым тұтқаны...

Бәрібір, уақыт өте келе осынау таныстықтың
білістікке, білістіктің жан туыстығына ұласып,
арада әлденендей мәміле орнай бастағаны
түсінікті. Асекеңнің де жас, әрі Әдебиет,
Мәдениет, Өнер жағынан таным деңгейі ересен
биік, оның үстіне пікір-ниеті дәл өзінкіндей
тосындығымен, қисындылығымен тамсантатын
осынау сыншы қарындасына салғырт қарай
алмағанын аңдаймыз:

– Борис Пастернактың:
Любить иных тяжелейх крест,
А ты прекрасна без извилин.
И прелести твоей секрет
Разгадке жизни равносилена.

Весною слышен шорох снов,
И шелест новостей и истин.
Ты из семьи таких основ,
Твой смысл, как воздух,
безкорыстен, –

деп келетін шумақтары бар. Бұл өзі, Әйелге де
емес, негізінен, Өнерге, Музаға арналған өлең.
Бертініректе Асекең маған осы жылды жиі оқи
бастаған еді. Білмеймін, мүмкін, басқа бір қыз-
келіншектерге де оқыды ма... Негізі, Асекеңе
әйелдер көп ғашық болатын. Өйткені оны
ұнатпау мүмкін емес те. Бү кісімен бірге отырып,
пікірлесудің өзі ғанибет. Бүкіл қимыл-қозғалысы,
мысалы, әйелге деген – анасы Айтотыдан бастап,
со кезде дүниеге келген өзінің қызы, жеті айлық
Әсмаға дейінгі қарым-қатынасы аса ерекше
қатынас еді. Осы тұрғыдан келгенде, інкәрліктен
бір, ахылап-ухілеп сонынан жүгірмесен де, жақсы
көрмеуін қиын. Асекеңе ынтыққан бикештер
аз болған жоқ. Біразын білемін де. Бірақ бәрін
жақсы түсіндім. Өмірді түсінетін шығармашылық
адам ретінде мұны Асқар өміріндегі өте әлемі,
әсерлі кезеңдер деп қабылдаймын. Ал екеуара
байланысымызға келсек, бұл бір, сыбырлаған
ақ жауынды калтқысыз, өзара бүкпесіз сезім
болды-ау деймін. О кезде көп жасыпн ғой
қазіргіге қарағанда. Ешбір есеп-қисапсыз, риясыз
кастерледім бұ кісіні. Соным үшін Асекең де мені
де қадір тұтып, айрықша бағалады-ау деймін.
Аяулы қарындасын жақсы көргендей ерекше бір
сезіммен қараған секілді. Мұның бәрін, әлбетте,
кешірек зерделейсің...

\*\*\*

Жалпы, өнерге деген екі түрлі көзқарас бар.
Әсіресе, бертіңде кез келген дүниені әлемдік
контекспен бағалап, салмақтауға дағдыландық.
Сол тұрғыдан келгенде «Өнер – өмірдің көркем

композиторларының шығармаларымен ұтқыр
салғастырады. Ең ғажабы – ондайда шертпе
күйлерді өзі де күмбірлетте тартатын еді...

Біздіңше, Асқар Сүлейменовтің әдебиеттегі
өз орны да осындай әр қырлылығымен
ерекшеленген:

– Иә, алғашқыда сыншы ретінде келіпті.
Және от ауызды, орақ тілді, өте шешен
сыншы болған екен. Асқар сөйлейді деген
жиналыстарға жұрт шұбырып келетін көрінеді.
Естуім бойынша. Бұл сол, жетпісінші жылдары.
Өзінің Әдебиетке, Өнерге деген қағидаларын
осы тұстарда әбден қалыптастырған. «Түр туралы
бірер сөз» деген атакты макаласын алыңыз.

Сонда бекіткен тұжырымдарын прозаға ауысқан
кезде түбегейлі жүзеге асырған. Өзінің «жанр
– адамға мешіт бола алмайды» деген пікірі
болатын. Яғни, адам өзінің өсу барысында,
толысып-жетілу бағытында айтпақ ойына
қарай қай кезде қай жанрды тандайды
– өзі біледі. Осы тұрғыдан алғанда, ол
алдымен сыншы. Кейін прозаның бір
шегіне жеткен соң драматургияға келген.
Асқар жолының төртінші кезені деуге
бола ма, болмай ма – философиялық-
эстетикалық толғаныстары тағы бір
төбе...

Сонда Асекең қандай адам өзі?
Мінезі, айта салатынымыздай, жақсы
ма, жоқ, нашар ма? Нені ұнатты? Нені
жек көрген?

– Өмірдегі, әсіресе, Өнердегі
фальшті, өтірікті өте қабылдамаған адам.
Өнерді белгілі бір деңгейде кие есебінде
тұтынған кісі. Бүкіл шығармаларынан,
одан соң «Шашылып түскен тіркестер»
аталатын ой-тұжырымдарынан ерекше
көзқарасы көрінеді. Жалпы, сол Асекеңнің
буыны өмірді өнер арқылы жетілдіру деген
қағидалы берік ұстанған, гуманистік принциптің
адамдары екенін көресіз. Мысалы, Ұлы Отан
соғысынан кейін бүкіл әлемде гуманизм бағыты
өте қатты жүрді ғой. Соның ішінде бұл үрдіс
біздің Қазақ әдебиетінде де қатты сезілген. Ал
Асекеңнің мінезін әркім әрқалай айтады. Біреуі:
«ойбай қырсық еді», екіншісі: «онымен қатар
отыру мүмкін емес еді, қатал еді» дейді. Ал өз
ұғымымда, ол жүрегі үлкен, өте кең ұғымды
адам болатын. Және өте нәзік кісі-тін. Баламен
балаша, данамен данаша сөйлескен. Ол отырған
кез келген орта соншалықты мазмұнданып,
мәнділігі шығатын.

Ал қандай отағасы еді Асқар?

– Біз әлі де біраз ұзағырақ ғұмыр кешкенде
мен бір керемет жар болатын едім деген тұрғыда
емес, өзара жарасымды ғұмыр
кешетімізді
білдім.

пайғамбардың замандасы екен деп отыратын.
Ұзақ зерттепті. Бірақ сол шығармасын аяқтай
алмай дүниеден өтті. Сонда өмірге қыз бала
келетін болса Әсма
болатынын іштей
білетін едім.
Асекең олай
қоямын деп
айтпаса да...



Әлия Бөпежанова

Әкесінен жас қалған сол Әсма қыз да қазір
өскен. Қасы-көзі қиылып, таңғы шықтай
мөлдіреп тұр. Түр-тұлғасы Асекеңе қатты
ұқсапты.

Асқар Сүлейменовтің бұрынғы отбасындағы
балаларын ел жақсы таниды. Біз сөз ретінде
Әлиядан солармен байланысы жағын да сұрап
қалдық.

– Қарым-қатынасымыз өте жақсы.
Араласып тұрамыз. Менің туған балаларым
емес, әрине. Өз аналары бар. Бірақ Асекеңнің
ұрпақтары ретінде қабылдап, жақын тұтамын.
Сыйластығымыз жақсы. Әсіресе, Әлішердің
маған деген, Әсмаға деген құрметі ерекше.

Уақыт озған сайын Асқар феномені лайықты
мойындалып келеді. Соның бірталай айғағы
қаламгер туралы Әлия Бөпежанова құрастырған
«Парасат падишасы» естеліктер жинағынан
көрініс тапқан секілді.

– Бұл кітаптың материалдарын бес жыл бойы
жинадым. «Парасат падишасынан» кейін «Кек»
деп аталатын драмалық шығармалар жинағы
шықты. Одан соң әлдебір грант жеңіп алып,
«Болмыспен бетпе-бет» деген эстетикалық
мақалалары мен ой-толғаулары кітабын
шығардым. Сол секілді мемлекеттік бағдарлама
бойынша үш томдық еңбегі жарық көрді.

Байқап отырсақ, атына сай Асқар тұлғасы
да алыстаған сайын биіктей түсіпті. Осынау
айрықша дарын иесінің басты бір ерекшелігі
– оның не нәрсеге де
адалдығынан
көрінетіндей.
Әлия



ТЕРЕЗЕСІ АБАЙММЕН ТЕҢ...

Қаһарманқызының
ойы да осы тұжырымға
саяды:

– Дүниеде бүтін адамның
қажарылуы көп кездеседі.
Әсіресе, өмірде бір бөлек те, өнерде
бір бөлек көрінетін ақын-жазушылар
баршылық. Бұл бір, ұсын алмайтын нәрселер.
Жұрт алдында кісі боп, әсемсіп қалып айтып,
адалдық, әділдік, адамгершілік, халықтық ұлы
мұраттар туралы әлемі сөйлеуге шебер, ал өзінің
жасап жүрген тірлігі мүлде екінші басқа. Бас
пайдасы жолында ешбір аярлықтан тайынбайды.
Өз басым ондайларды жиі ұшыраттым. Зор
бақытсыздық қой. Бірақ бұл кінәлау тұрғысынан
емес, қарайсың да қоясын. Ішін аштыды. Ал
Асекең сияқты азаматтар, мүмкін, онша көп
те емес шығар. Біртұтас. Өмірде қандай болса,
өнерде де сондай. Кіршіксіз кристалл күйінде
өткен адамдар деп білемін. Әрине, бұл Асқарға
деген апология емес. Маған ешқандай қатысы
жоқ болған күннің өзінде Асқар Сүлейменов
туралы пікірім осындай болар еді деп ойлаймын...

\*\*\*

Асекең: «Мен Абай шалмен
күнде тілдесем, келіспей
қалатын кезлерім де аз
емес» дейлі екен.

Бұдан сыншының
айрықша
еркіндігін,



батылдығын
ғана емес, оның
ой-өре, таным-
түйсік кеңістігіндегі салмақ
«категориясын» аңдаймыз.

Белгілі ілімдегі әрудиция қуатын
сезінеміз. Сөйтіп ол, ретті
тұстарда, Әдебиет корифейі
ретінде Абайдай дананың өзімен
пікір таластыруға қажылы екенін
аңғартады.

Бірақ мұндай «қиянқылық»
тек Асқардай серілерге ғана
жарасатын шығар.

Қалай дегенмен, сонау
уәж астарында терең мағына
жатқанын аңдар еліңіз. Бәрібір
осылай деп отырған кейіпкеріміздің пәлсәпа
дүниесіндегі түп қазығы Абай болғанын көреміз.
Әйтпесе ол сонау шашылып түскен тіркестерінде
«Келер қазақтың да ішетін уы мен балы – Абай!»
деген байлам жасамас еді...

Қазақ әдебиетінің денгейін дүниежүзілік
кеңістікке шығару туралы сөз талайдан бері
қозғалып жүргені мәлім. Мұндайда Әдебиеттің
кез келген әлемдік тұлғасымен ық теңестіретін
беретін Асқар Сүлейменовтей өкілдер есіне
түседі.

Құлтолеу МҰҚАШ

\*СӨЗ ОРАЙЫ

ТАПҚЫРЛЫҚ

Жазушы Асқар Сүлейменовтің тегі Қаратау төңірегінің қожалары болса
керек. Бірде батып ойнай беретін біреу қожалығын бетіне салық еткісі келіп:
– Арақта боза жаман, қазақта қожа жаман, – деп соқтыға сөйлепті. Сонда
Асқар:
– Алдымен, боза – арақ емес, қазақ арақ емес. Тым болмаса, соның
байыбын біліп сөйлесең етті, – деген екен.

(«...деген екен!»).
Астана: «Елорда» 2009. 303-бет)

заттарыма ие боласыз, менің рухани дүниемді
әрі қарай жалғастырасыз» дегені сияқты. Әрине,
бастапқыда онша мән берген жоқпын...

Асқар әлемімен таныс адамдар жақсы біледі,
оның дүниедегі ең ғажабы «туындыларының»
бірі – кенже қызы Әсма болатын.

– Осы перзентін сарылып көп күткендей
сезіледі. Кейін Әсмаға: «Мен сізді жүрегімді
аялап ұзақ күтіп едім» деп хат та жазған. Соның
алдында «Мұхамед» деген драма-диалогын
жазуға кіріскен-ді. Мұнда Әсма деген кейіпкер
бар. Арабтың ақын қызы көрінеді. Мұхаммед

# ПОРТРЕТ



www.jasqazaq.kz

E-mail: jas\_qazaq@mail.ru

**М.И.ЕСЕНӘЛИЕВ ТУРАЛЫ СӨЗ БОЛА ҚАЛҒАНДА ЕКІНІШІ БІРІ: – ДЕТДОМДА ӨСКЕН ДЕ. СӨЙТІП АТЫ-ЖӨНІ ОРЫСША ЖАЗЫЛЫП КЕТКЕНДЕР АЗ БА, – ДЕЙДІ ДЕ, БІЛЕТІН «ОРЫСШАЛАНҒАН» КІСІЛЕРІН МЫСАЛҒА КЕЛТІРЕДІ.**

**«МИХАИЛ ИВАНОВИЧ ИСИНАЛИЕВ» ДЕГЕН СОҢ, ЖЕТЕ ТАНЫС ЕМЕСТЕР СОЛАЙ ДЕМЕГЕНДЕ, НЕ ДЕСІН? АЛ АРАЛАСЫП-ҚҰРАЛАСЫП ЖҮРГЕНДЕР ОНЫҢ ХАКІМ ТІЛЕГЕНҰЛЫ ЕСЕНӘЛИЕВ ЕКЕНІН БІЛЕДІ.**



БҰҰ мінберінде

сонда екенін білесіздер, солар мені «көшіп кел» деп шақырып жатыр. Мен көп ойландым... тілдерін алуым жөн сияқты. Ендігі сөз сендерден болсын. Рұхсат етсеңдер – көшейін, ал рұхсат етпесеңдер – осында тұра берейін» деді. Бір минуттей болған үнсіздіктен кейін бәрімізден жасы үлкеніміз, Хакім ағаның ең сыралғы досы Сағындық Кенжебаев: «Майя, кухня жаққа барып келші», деді ақырын ғана. Майя Ивановна

Әу баста оның өзі де, жолдастары да «Көкім» деп жүріпті. Жазушы Әзілхан Нұршайықов Павлодар облыстық газетінің редакторы болып тұрғанында Мұхтар Әуезовтің шығармашылық сапармен келгенін, үйінде мейман болғанын, Мұхана арналған қонақасына облыс басшыларынан, ішінде облыстық комсомол комитетінің бірінші хатшысы Михаил Есенәлиев бар, үш жігітті шақырып алған. Мұханның бір әредікте Есенәлиевке жымия қарап

отырып: «Жә, сендер бұл азаматтың атын бірін «Михаил Иванович», бірін «Көкім» деп екі түрлі атап отырсыңдар. Сонда мен осы екі есімнің қайсысына жіп тағуым керек?» дегенін, ал «мәселенің» мәнісіне көзі жеткен соң: «қазақша атағыларың келсе, онда «Көкім» емес, «Хакім» деп айтқандарың жөн. Лұқпан хакімді білесіңдер. Аристотель, Платон, Сократ сияқты хакімдер бар. Абай өзінің жырмға жетінші сөзін сол Сократ хакімге арнаған... «Көкім» десендер, онда ол белсенді, чиновник деу болады. «Хакім» – ғалым адам», дейді.

Сол Хакімнің өмірін қысқаша шолып өтелік. Орал өңірінде дүниеге келген Тілеген жеті жасында жетім қалып, тағдыр қаңғалақтатқан соң не шара, Ресейдің Саратов облысындағы Питер деревнясынан бір-ақ шыққан. Сонда қолбала болып жүрген. Орыстар Тілегенді «Толя» демей, қалайда «Иван» деп атаған. Ол колхоз бастығының атқосшысы «Ваня» болған.

Күндердің бір күнінде деревняға өзге жұрттан Тілегенше тиянақ ізлеген бойжеткен келе қалыпты. Қазак қызы. Ойда жоқта тағдыр қосқан деген сол ғой, екеуі танысып, ақырында, «екі жарты – бір бүтін» болыпты. Тілеген мен Үмітай. Хакім бірде өмір жолын өңгімелеп отырып: «Құдай менің қарақөз болуымды қалаған ғой, әйтпесе сонау Питерде ку жалғыз қазак болып жүрген болашақ әкеме өзіндей тұлдыр жетім қазак қызды – болашақ шешемді апарып бере ме?!» – деп әзілдеген-ді.

Жас отау перзенті болған (1928 жылғы 15 қыркүйекте). Өл бала. Әкесі «Хакім» деп ат қойған. Той өткен соң Тілеген әрестесіне туу туралы куәлік алуға барады. Ондағы таныс орыс келіншек: «Ваня ағай, бұл балаңның атын «Михаил» деп қойыық. «Михаил Иванович» болсын. Михаил Иванович Калинин жолдасты білесің ғой, оны бүкіл дүние жүзі біледі! Сіздің ұлыңыз да Кеңес Одағының сол басшысындай белгілі адам болсын!» – депті. Тілеген ұлының көсемдеріміздің бірі – Калининмен аттас болғанын дұрыс көріп: «Ну, давай, пиши!» десе керек. Сөйтіп, Хакім «Михаил Иванович Исиналиев» болған (бірде Хакіең: «Аты-жөніңізді қазақшалап алсаңызшы!» дегенім бар. «Түзетер документ тым көп, кейін, пенсияға шыққанда көрермін, қазір уақыт жоқ» деген).

Тілеген мен Үмітай Хакімнің қолында: Питерде, Павлодарда, Алматыда тұрып, бергінде қайтыс болды. Хакеннің екі қарындасы – Галина мен Роза Алматыда. Ұлы – Тимур Ресейде дипломат еді, әкесінен екі жылдан соң сырқаттанып қайтыс болды.

Әйелі Майя Ивановна – аласалау бойлы, дөңгелек жүзді, жылы шырайлы кісі. Хакен екеуі әйгілі тың игеру жылдары Павлодарда кездесіпті. Хакен облыс комсомолының басшысы, Мәкең (Майя Ивановнаны мен кейде «Мәке», кейде «жеңең» деймін) – Ленинградтан комсомолдық жолдамамен келген тың игеруші. Қазақша еркін сөйлей алмайды, ал айтқанды ұғады. Нәсілі орыс болса да, жаны – қазақ. Бір ғана қырын айтсам: Хакім аға қайтыс болғаннан кейінде апта сайын жұма күні жеті шөлпек пісіріп, байырғы дос-жолдастарын шақырып, құран өткертіп отырды. Қолын жайып, бетін сипаған сәтте көзінен жас ыршып кеткенін байқап жүрдім. Ауялы ерінің жылын берген соң, үш ай өткенде, телефон шалып: «Габеке, келін ал, уйге кел, сағат екі» деді. Бардык. Етене жақын 4 отбасын шақырған екен. Менен өзгелері – комсомол шақтан бергі достары. Хакенді еске алысып, өмірлеріндегі қызық-шыжық жәйттерді айтысты. Бір әредікте Майя Ивановна орнынан баяу тұрып, бәрімізге жағалата қарап, көзі жасаурап: «Дорогие друзья!» деп, дауысы дірілдей сөз бастады. Өміріне ризашылығын, бір ғана өкініші – құдай қосқан Мишасынан айырылып қалғаны екенін, дос-жолдастарына алғысы шексіздігін айтып, сонында: «Біздің әулеттің атамекені – Ленинград. Аға, апа-сіңлі туыстарымның бәрі



Жұбайы Майя Ивановнамен

шығып кеткен соң Сәкен баршамыздың пікірімізді сұрады. Ойларымыз ортаға салынды. Хакен мен Мәкеңнің жалғыз ұлы – Тимур Мәскеуде дипломатия академиясын бітіріп келгенде мұнда қызметке алынбаған. Хакім ағаның: «Мұндағы бетпақ билік менде кеткен еселерін ұлымнан алу үшін оны Алматыға жолатпады. Неткен арсыздық?! Е, мейілдері. Тимур Ресей Федерациясының сыртқы істер министрлігіне орналасатын болды», – деген-ді. Сонымен, Майя Ивановнаға рұхсат берген дұрыс деп шештік. Бір айдан кейін аттандырдық...

Қай-қайсысымыз да Мәкеннің («Михаил Иванович» болған соң «Мәке» дей бердік қой) қашан, қайда, кім болып қызмет істегенін білеміз. Комсомолда, партияда, сыртқы саясат саламызда басшылық орындарда болды. Қазақстан Компартиясы Орталық комитетінің мәдениет бөлімінде он үш жылдай менгеруші болып, республикамыздың рухани жетістіктеріне мол үлес қосты, оны жауы да жоққа шығара алмас. «Жау» демекші, бірде: «Жауыңыз бар ма, шыныңызды айтыңызшы?» – деп әзілге сүйей сауал тастағаныма мыр етіп күліп: – Мұқағали айтқандай, «Дұшпаның бар ма дейсін, қайдан білем?» Кәзекем жүрген жерде неге болмасын, бар шығар, бірақ көзіме көрінгені жоқ, – деп сәл ойланды да: – Орталық комитетте жүргенде балға мен төстің арасында болдым. Қонаев пен Имашев өздері айтуға тиісті шешімді менің аузыммен айтқызытын. Құрып қалғыр әлгі «партияның этика» деген пәле болды емес пе, сол аузымды да, аяқ-қолымды да бұзып тастайтын, қиын еді ғой... Кадр мәселесінде бір-екі мәрте кінә арқаладым, артқалатқан соң. Бірақ ол кадрға сол сағатта да, кейін де қолдан келгенінше көмектестім. Көмектескенде: «мен кінәсізбін, маған ренжи көрменіз, мені паленбайлар мәжбүр етті!» демедім... кім білсін, ол оны сезді ме, түсінді ме, әлде: «Есенәлиев сөйтті, оңбаған!» деген сеніммен кетті ме... ал маған қиын тиетін, іштен тынатынмын, – деді.

(Дінмұхаммед Қонаев – Қазақстан КП Орталық комитетінің 1-хатшысы да, Саттар Имашев – Орталық комитеттің идеология жөніндегі хатшысы.)

Партиялық жүйеде мен 28 жыл қызмет істедім. Жаңағы «партияның этикасы» тысын да, астарын да көп көрдім. Сол себепті Мәкенді түсіндім. Мәдениет министрлігінің, Жазушылар одағының, әдеби баспалардың кейбір басшылар Мәкеңе сырттай наразы болып, оны-мұны қысық сөз айтып отырғанын көретінмін, бірақ ол кезде Хакім ағамен сырластығым жоқ болса да, «ол өзі сөйтті дейсің бе, сірә, жоғарыдағылар сөйткізген шығар», дей салатынмын.

Кейініректе Хакенмен табыстым. Сырлас ағамның айналады... 1986 жылғы желтоқсанда М. Горбачевтің алаяқтығымен Алматыда болған қанды оқиғаның себеп-салдарын тексеруді алғаш талап еткен адам – Хакім Тілегенұлы. 1988 жылғы 4 маусымда Қазақстан КП Орталық комитетінің пленумы болды.

Күн тәртібінде: СОКП Орталық комитетінің Алматыдағы Желтоқсан оқиғасы туралы шешімін талқылау. Әрине, алдын ала берілген бағыт бойынша, ол шешім бірауыздан мақұлданыу керек. Баяндамашы да, сөйлеушілер де қия баспады. Ол бас шұлғушылыққа көнбеген Есенәлиев – ОК мүшелігіне кандидат, Сыртқы істер министрі – президиумға жазба жіберіп, сөз сұрады. Бермеді. Сәлден соң орнынан атып тұрып, баршаның көз алдында дауыстап сөз сұрады. Президиум иелері бұталақтап, сөз бермеуге тырысты: «Жарыссөзді тоқтату туралы ұсыныс түсті» десті. Сол әредікте Қызылорда облыстық партия комитетінің 1-хатшысы, ОК мүшесі Еркін Әуелбеков түрегеліп: «Орталық комитеттің мүшелігіне кандидат, Сыртқы істер министрі Есенәлиев

жолдасқа сөз бермеу деген неткен жөнсіздік?! Бейбастық болмасын, Есенәлиев жолдасқа сөз берілісін!» деп талап етті. Сөйтіп, Михаил Иванович мінберге көтерілді. Қысқасы, ол СОКП Орталық комитетінің шешімін сол күйінде қолдамайтынын, «махровый казахский национализм» деу – тұтас бір халықты кемсіту, қорлау екенін ашынып айтты. «Мәскеудің өкілдері екі күн болды да кетті. Оқиғаның мән-жайын білмегендіктен, үстірт қорытынды жасады. Ал сіздерге не болды? Тың игеру басталғаннан бергі 34 жыл ішінде қатардағы агроном мен инженерден Орталық комитеттің мүшесі дәрежесіне жетіп отырсыздар ғой? Мәселенің мән-жайын біліп, ақ сөйлеудің орнына, міне, бір жарым жыл болды, ауыз ашпай жүрсіздер!» деді.

Партиялық қожайындарымыз жыланша жиырылды... Партия кеңселерінің тым-тырыс болуы төзімін тауысқан соң, Мәкен Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің кезекті сессиясына мына әйгілі «Депутатский запросы» табыс етті:

**ДЕПУТАТСКИЙ ЗАПРОС ПРЕЗИДИУМУ ВЕРХОВНОГО СОВЕТА КАЗАХСКОЙ ССР**  
«Прошу на очередной сессии Верховного Совета доложить депутатам о физических и моральных последствиях по результатам «наведения общественного порядка» после известных декабрьских событий 1986 г. Прошло более двух лет, но не только общественность, даже члены ЦК Компартии Казахстана и депутаты Верховного Совета республики в неведении: сколько человек исключены и наказаны в партийном и комсомольском порядке, сколько отчислены из учебных заведений и освобождены от занимаемой должности, сколько осуждено, не говоря уже о точном количестве погибших. Выявляя «белые пятна» 30-х годов, не следует создавать новые в 80-х годах.»



На сегодня же о последствиях декабрьских событий информированы только: Г.В.Колбин, В.М.Мирошник, Н.Г.Князев, В.И.Ефимов и, возможно, кто-то из бывших или настоящих членов Бюро ЦК Компартии республики. Поэтому мною предложение создать авторитетную депутатскую комиссию, в составе которой будут представители общественности. Ей представить необходимые документы и объяснения товарищей, причастных к указанным событиям, затем об их заключениях доложить сессии Верховного Совета республики и Пленум ЦК Компартии Казахстана. Для чего это нужно? Дело в том, что первые официальные сообщения воспринимались с большим сомнением сейчас, по истечении времени. Среди интеллигенции и молодежи вузов нарастает волна недоверия к прежней информации. Это может привести к непредсказуемым последствиям. Полагаю, что лучше разобраться сначала самим, чем делать это под давлением общественного мнения. Тогда уже любые честные, справедливые заключения и выводы будут подвергаться еще большим сомнениям, т.е. надо принять меры и снять боль, не превращая ее в параню.

Прошу текст данного депутатского запроса срочно передать членом Президиума Верховного Совета республики, поставить в известность Государственно-правовой отдел ЦК КПСС.

С уважением депутат Верховного Совета Казахской ССР, кандидат в члены ЦК Компартии Казахстана, Министр иностранных дел республики – М.ИСИНАЛИЕВ. 25 апреля 1989 г.

Желтоқсан жайындағы комиссия осыдан үш айдан кейін, шілденің 27-сі күні құрылды. Республика Жоғарғы Кеңесінің сессиясында. Екі апта өте бере М.И.Есенәлиевке шүйлігі басталды. Шетелге барған ресми іссапардан оралған одан зейнетке шығуына өтініш беруі талап етілді. «Турасын айтқан туғанына жақпайды» деген қазекем-ай!

Іә, комиссия құрылды. Төрағалығына депутат ақын Қалдыр Мырзаліев сайланды. Бір ғана мәжіліс өткізілді де, комиссия таратылды (сірә,

таратылды). Келесі комиссияның төрағасы депутат ақын Мұхтар Шаханов болды. Көп жұмыс істелді, алайда көмбеге жете алмады. Әрине, жеткізбеді. Комиссияның құрамына Желтоқсан мәселесін тұнғыш көтерген

М.И.Есенәлиев шақырылмады. Әлде шақыртпады. Себебі, меніңше, Хакеннің ол ерлігі оның жолына қойылған тағы бір кедергі болды. ...Бір күні Мәкен жайында ғажап жаналық естідім. 1996 жылдың жазы еді. Өскемен қаласында іссапармен бір апта болып, Алматыға ұшып келе жатқанмын. Ойда жоқта Юрий «Левитанды» көргенім! Ол да тани қойды. Екеуіміз 1978 жылы Риганың іргесіндегі Шығармашылық үйде бір апта бірге болғанбыз. Дауысы әйгілі диктор Юрий Левитанның дауысына ұқсастау болған соң әзілдеп «Юрий Левитан» деп жүріп едім, аты – Юрий, фамилиясын есіме түсіре алмай отырмын. Ол СОКП Орталық комитетінде істейтінін айтқан. Шұрқырасып хал-ахуал біліскен соң: – Қызметің өскен шығар, қазір кім болдың? – десем, ол қолын сілтей күліп: – «Танбалы бас Михаилдың» (орыстарда: «Перед концом света появится Михаил меченый», – деген бе, әлде: «Придет Михаил меченый и будет конец света», – деген бе, әйтеуір, сондай бір сөз тіркесі бар, Иезордің кекесінің аңғардым, – Ф.К.) «тазалауына» ұшырап, ол жақтан кеткенмін, бүгінде Ғұлым академиясындамын, – деді де: – Бүкілодақтық староста болған Калининмен аттас батыр Михаил Ивановичтерін аман-есен бе? – деп маған аяқтарына қарады. Мөкенді айтып отыр ғой! Сыртқы істер министрлігімізде Төтенше хәм Өкілетті елші екенін айтып, «батыр» деуінің мәнісін сұрадым. Юрий құлшына өңгімелеп, соның: – Компартия күркіреп тұрғанда Горбачевтің ордасын сендердің обком хатшыларың Кешірім Бозтаев бір дүрліктірген еді, екінші болып тағы да сендердің коммунистерің, министр Есенәлиев дүрліктірді, батырсыңдар! – деп тұжығарына ғой!..

Арада бірер апта өткенде Хакім ағаны ауруханада ұшыраттым. Палатамыз қатар болып, екі аптадай жаттық. Юрийден естігенімді ақтарып, енді соны өзінен естігім келетінін айтсам, Хакен жымылдап: «Өтті, кетті, қайтесің, қажеті не?» дейді. Ақырында: «Кремльге жазылған хаттардың көшірмелерін жинайтын әдетім бар еді, сол хатхының бір көшірмесін беріңізші!» – деп қолқа салдым. Екі күннен соң үйінен алдыртқы берді.

Ол хаты 1988 жылғы қарашаның 25-і күні жазылған екен. СОКП Орталық комитетінің бас хатшысы, КСРО Жоғарғы Кеңесі президиумының төрағасы М.С.Горбачевқа. Биліктің екі дізгін, бір жылғыры қолына тиген «танбалы бас Михаил» бүкілодақтық партконференцияда: – Одақтас республикалардағы компартиялардың бірінші басшылары өрі республика Жоғарғы Кеңесінің төрағасы болуға тиіс, – деген «жаңалығын» жария етеді. Онысы – республикаларды бұрынғыдан да сығымдап ұстаудың зымиян жобасы екенін түсіне қойған Хакен дереу қарсылық жасап, хат жазып жібереді (одақта одан өзге ешкім тырп етпеген). Пікірінің токетері: Кеңес өкіметі мен компартия билігін бір қолға беру – үлкен қателік! Қазақстан компартиясының орыс (Колбин, – Ф.К.) басқарып отырғаны азай, енді жергілікті өкіметті соған берсек, ол республиканың құқына нұқсан келтіру емес пе? Бүкілодақтық немесе шетелдерде халықаралық жиында Қазақстан өкіметі атынан орыстың сөйлеп тұрғаны дұрыс бола ма? Жалпы, одақтас республикалардың компартиясы да, өкіметін де, үкіметін де өзінің ұлттық кадрлары басқаруы керек!

Дәп сол кезде бұлайша хат жазу Кремльге бомба тастаумен бірдей емес пе еді?! Республиканың Сыртқы істер министрі



коммунист Михаил Иванович Есенәлиевті «Батыр!» демей көр енді!

Мәскеуден дереу өкіл жеткен. Әдеттегіше құпия түрде айтыс-тартыс, қорқыту-үркіту болған. Хакім аға қайыспаған! Горбачевшілдер аяқтарын тартып тынған! Горбачевке де жан керек екен, ол сонау партконференциядағы ойынан қайтты.

Батыр ағаның хаты негізінде мақала жазып, қазақшасын «Қазақ елі» газетінде, орысшасын «Новое поколение» газетінде жариялады. Әлбетте, Хакенмен келісіп. Ал келісімін алуым қиын болды. Өзін-өзі не насихаттап, не насихаттап көрмеген адамға менің өтінішім өрескелдік сиянқанды. «Сен қызық екенің!» деп ренжіді. Анау жолы «хат атаулыдан коллекция жасайтыным» сеніп қалса керек. Әйтсе де, журналшы-жазушылық тілімді ары бөзеп, бері бөзеп дегендей, бой бермедім. Менің ойым: – Хакеннің ерлігін елі білсін. Мұрағатжайда шөгіп қалмасын! – болды.

Мақаланы оқыған қаламдастарымның үлкен-кіші о шақтысы, басқа бес-алты кісі үйіме телефон шалып: «Есенәлиев жүрек жұтқан жан екен ғой?! Ғажап ерлік жасаған екен!» десті. Соны Мәкене қуана айтқанында: «При чем здесь я? Это – твоя заслуга!» дегені ғой. Тууы!..

Ғаббас ҚАБЫШҰЛЫ  
(Жалғасы бар)

# 10 ЖҚ КИНО

www.jasqazaq.kz

E-mail: jas\_qazaq@mail.ru

### Сыр сұхбат

## Көпшілік көрермен қауымы Дәурен Серғазинді театрдағы рөлдерінен бөлек, «Алдар көсе» фильміндегі Алдаркөсе мен «Қарашаңырақ» телехикаясындағы Мәди бейнелері арқылы жақсы таниды. Жақында актердің шығармашылық қоржымына тағы бір қомақты бейнемен толықты. Ол – Шәмші Қалдаяқовтың өмірі мен шығармашылығынан сыр қозғайтын режиссер Жасұлан Пошановтың «Ән аға» деректі көркем драмасы. 4 сериядан тұратын хикаяда басты рөлді сомдаған актермен жүздесіп, фильм жайлы, жалпы шығармашылық тұрғысынан аз-кем әңгіме өрбіткен едік.

Жас қазақ: Әдетте, көркем фильмге қарағанда, деректі фильмде ойнаудың жүгі де, жауапкершілігі де ауыр деп жатады. Сізге қалай? «Шәмші» шаршатпады ма?

Дәурен Серғазин: Бұл жобаға келуім қызық болды. Оның үстіне, екі жылдай киноға түскен жоқпын. Кино аланын, түсірілімді сағынып тұрдым. Шәмші ағамыздың көзін көрген, жақын араласқан адамдар арамызда жүр. Сондықтан рөлдің жауапкершілігі де үлкен екенін таңдалған күннен-ақ сездім. Бірақ, менің табиғатыма сінген бір мінез – ол ағысқа қарсы жүзу. «Мүмкін емес» деген дүниелен мүмкін нәрсе жасағым келеді. «Болмайды» деген нәрсе, керісінше, мені шабыттандырады, қайрайды, қанаттандырады. Сондықтан, режиссерден ұсыныс түскенде көп ойланбадым: «Неге жасап көрмеске?» деп өз-өзіме сұрақ қойдым да, «тәуекел!» деп кірісіп кеттім. Өзінді сынамаған, аяп, аялап, өбектей бергеннен, өзіне де, шығармашылығына да келер пайда жоқ. Жалпы, мен шығармашылық ізденісте өзімді қинағанды, қинап жұмыс істегенді жақсы көремін. Жанымның «мазахисмін». (күлді)

да білген жоқпын. Қартайған кездегі бейнежазбаларын көріп, кітаптарды парактап ізденгендей болдым. Бірақ, нәтиже аздау, көңілім қанағаттана қоймады. Сынақтық түсірілімге келгенде де, қалай ойнарымды білмедім. Режиссер де: «Былай ойна, бейнені осылай ашсақ дұрыс болады» дегендей жобалап болсын бағыт-бағдар сілтейтін ойларын айта қоймады. Ешкім үндеген жоқ. Содан өз білгенімше, өз ойымдағы, өз көңілімдегі Шәмші атамыздың бейнесін көрсетуге тырыстым. Кітаптағы замандастары айтқан естеліктерді сараптап отырып, композитордың жиынтық мінезін түздім. «Өмір бойы бала болып өткен», «әзіл-қалжыңға жақын» деген сынды мінездерін ашуға талпындым. Ішімдікке жақын болған деген де деректер айтылады. Бірақ оны ұралап алға ұстаған жоқпын. Оның үстіне, сценарий маған бірден ұнады. Сериалдың сценарий фильмдегідей айқыш-ұйқыш динамикалы емес, монотонды, біркелкі, бір ырғақты жазылады. Бірақ онда ішкі жан дүние қатпарлары асығыссыз, айшықтала көрсетіледі. Сол иірімді мен осы сценарийден көрдім. Жан жүрекке тиетін, көңілді қозғайтын тұстар болды. Сондықтан да фильмде барынша шынайы, сезіммен ойнауға тырыстым. Сыртқы келбет емес, ең бірінші ішкі жан дүниесін ешқандай пафоссыз, әсірелеусіз, барынша шынайы алып шығуға талпындым. Ендігі

### Дәурен СЕРҒАЗИН:

# «АЛДАР КӨСЕ» ТҮСІНГЕН АБСУРДТЫ» ТҮСІНЕ БЕРМЕЙДІ



театры сахнасында моноспектакль (жалғыз адам ойнайтын қойылым – авт.) қоюға дайындық жасау үстіндемін. Сырттай оңай көрінгенімен, моноспектакльде ойнау – актер үшін өте үлкен сынақ. Көрерменмен қатар жүріп ойнау, сахна мен зал арасындағы шекараны ұмыту, өзіне қалалар көпшілік назарына төтеп беру және осының бәрін жеңіп шығу... Оңай емес! Бірақ өнер сол қиындығымен қызық. Қолымнан келетін дүниеде емес, сыны мен сынағы көп жұмыстарда, рөлдерде өзімді сынап көргім келеді.

Жас қазақ: Өзіңіз айтпақшы, «Ән ағаның» жауапкершілігі үлкен. Рөлге қалай іздендіңіз?

төрешіміз – көрермен. Бағасын өздері бере жатар. Жас қазақ: Естуімізше, шабыт келгенде өзіндіңіз де ән шығаратын өнеріңіз бар көрінеді. Шәмшідей сыршыл композитордың табиғатын ашуда бұл таланттыңыздың көп көмегі тиген болар... Дәурен Серғазин: Иә, жүректі селт еткізер сөз табылғанда, ән шығаратын қабілетім бала кезден бар болатын. Соны үлкен сахнаға арнап К.Жүнісовтің «Алғашқы махаббат» комедиясын сахналау барысында қолға ала бастадым. Бір нәрседен, оқиғадан жақсы әсер алсам, бірден гитараны іздеймін. Сөйтіп, толқанысымды ән арқылы шығарамын. Кейбір ән екі-үш күнде шықса, кейбірі жарты сағатта туады. Ол енді көңіл-күйге байланысты. Мәселен, өткен жолы Ақан Сатаевтың «Анаға апарар жол» фильміне бардық. Фильм жүрекке жетті. Ертенінде көлікте кетіп бара жатып та осы әсерден арыла алмадым. Жұмысқа келе сала, қолыма гитараны алдым. Жарты сағатта бір ән туады. Кейде осылай шығармашылық шабытым әнге де көшіп кетеді. Әнім онша көп емес, әзірге өзімнен басқа ешкім айттып жүрген жоқ (күліп алады). Алдағы уақытта

Жай ғана сырттай бақылап қараңызшы, «Шаншар» мен «Алдараспанға» көрермен өлердей барады. Саусақ шошайтып, ышқыр көтерген қимылға, анайы сөзге маз болады. Содан ойлану керек. Демек, көрермен біздің ұсынған абсурдымыз бен әфсанамызды, философиямызды әлі түсінетін деңгейде емес. Сондықтан әуелі біз сол өнерге көтеріліп көрерменді алдын ала дайындап, театрға қызықтыра отырып, биік өнердің не екенін түсіндіруіміз керек.

Оралхан Бөкейдің «Ұйқым келмейді...» әңгімесінің желісінде музыкалық моноспектакль қойсам деген ниетім бар. Сол жерде он шақты өнім орындалады. Сөйтіп, тұнғыш рет әнімді спектакль арқылы көпшіліктің талқысына салып, көрерменнің қабылдауын көргім келеді. Жасап жүрген дүнием дұрыс па, бұрыс па? Соны білсем деймін. Жалпы, ән шығарған өзіме ұнайды. Ал адамның

манголинаны үйренуге тура келді. Манголинаның бапталуы домбыра мен гитараға қарағанда бөлектеу. Ғаламтордан қарап көп дайындалдым. Бірақ, кино барысында 2-3-ак рет ойналады. «Ақ маңдайлым», «Қарақөз» әндерін тірлестіріп манголинамен ойнадым. Әу баста ұйымдастырушылар: «қолын түсіріп алу үшін дублер табамыз» деген. Бірақ, мен ешқандай дублерсіз өзім ойнағым келді. Сол үшін де манголинаны бар ынталмен үйренуге тырыстым.

Жас қазақ: Фильмді түсіру барысында, қандай қиындықтармен бетпе-бет келдіңіз? Не ауыр не жеңіл болды?

Дәурен Серғазин: Мен үшін кинодағы ең жаман нәрсе – қуту. Бұл фильмде де солай болды. Түсірілім басталғаннан кейін, күтіп бір айдай бос жүріп қалуға тура келді. Актер үшін ең қиыны – осы. Сол жағы адамды басып тастайды. Іштей дайындалып, пісіп, енді соны сыртқа шығаруға дайын болған кезде, күтеміз деп бар ойыңды шашыратып аласың. Екінші қолайсыз нәрсе – ауа райы. Түсірілім уақыты қыс мезгілімен тұспа-тұс келгендіктен, көктем, күз мезгілдерін түсіруде қатты қиналды. Бірде жаңбыр, бірде қар жауып кетеді. Аяғымыздан сыз өтіп дегендей, біраз қолайсыздықтар болды. Бірақ соған қарамастан, фильм атмосферасын барынша шынайы беруге түсірілім тобы аябай тер төкті.

Ал енді өзіннің шығармашылық ізденістеріме келсем, актерлік шеберлік жағынан

жатыр!» деп қуанатын болса, өнер адамы үшін бұл да үлкен жетістік. Сол амплудан ауысам ба, ауыса алмаймын ба? Маған сол жағы қызық болып тұр. (күлді)

Жас қазақ: Өзіңіз де театрда бірнеше спектакль қойып, режиссер ретінде қолтанбанызды қалыптастыра бастаған таланттардың бірісіз. «Ән аға» фильмінің режиссері Жасұлан Пошанов – замандасыңыз. Айтыңызшы, екі қошқардың басы бір қазанға қалай сыйды? Қандайда бір пікір қайшылықтары болды ма?

Дәурен Серғазин: Жасұлан жас болғанымен, кино саласындағы тәжірибесі мол. Талай дүние түсіріп жүр. Сұрағыңызға орай бір-ақ нәрсе айтқым келеді: актердің режиссер болғаны өте жаман. Өйткені, мен өз сахнамды өзім көріп тұрамын. Миымда ол дүние автоматты түрде ойналып кетеді. Режиссер келіп өз нұсқасын айтқанда, іштей қарсылық тұрады. Міне, актерлікке режиссер болғанның кедергісі осы. Бірақ Жасұлан екеуіміз ондай бір дурдараздыққа баратындай жағдай болған жоқ. Әрине, шығармашылық процесс болғаннан кейін, пікір қайшылықтары да болып тұрады. Бірақ бәрін ақылдасып, кенесе, ойымызды ортаға сала отырып, айналдырған бірнеше айдың ішінде осы көркем хикаяны түсіріп, көрерменге ұсындық. Басты жеңіс – осы деп білемін.

Жас қазақ: Бүгінгі көрерменнің денгейін қалай бағалайсыз? Яғни басқаша айтқанда, көрермен өнерге тартылу керек пе, әлде өнердің көрерменге иілгені ләзім бе?

Дәурен Серғазин: Меніңше, біз көрерменді өнерге тартатындай жағдайда емеспіз. Ресей, иә, ол жағынан бізден әлдеқайда көшілгері. Ол жақтағы қарапайым көрерменнің театрды қабылдау мәдениеті де басқа. Ал біздегі жағдайы қандай? Өмірі театр көрмеген көрермен бар арамызда. Иә, сөзіңіз орынды. Өнер көрерменді тәрбиелеу керек. Бірақ ол мәдениетке жеткенге дейін де үздіксіз жұмыс талап етіледі. Менің ойымша, театр алтын ортаны ұстап, барлық көрерменге бірдей қызмет етуі қажет. Себебі әр көрермен – біздің нанымыз, тұтынушымыз. Сондықтан, ол екеуі бірге жүретін нәрсе. Біз көрерменді биік өнерге тартпастан бұрын, әуелі оларды дайындауымыз керек. Ол үшін тара-тұра көрермен денгейіне түсіп, сахна мәдениеті арқылы өзімізбен бірге алға ілестіріп әкетуіміз керек. Сол себептен де мен режиссерлер мен актерлерді өнер мен халық арасындағы дәнекерші көпір болу керек деп есептеймін. Жай ғана сырттай бақылап қараңызшы, «Шаншар» мен «Алдараспанға» көрермен өлердей барады. Саусақ шошайтып, ышқыр көтерген қимылға, анайы сөзге маз болады. Содан ойлану керек. Демек, көрермен біздің ұсынған абсурдымыз бен әфсанамызды, философиямызды әлі түсінетін деңгейде емес. Сондықтан әуелі біз сол өнерге көтеріліп көрерменді алдын ала дайындап, театрға қызықтыра отырып, биік өнердің не екенін түсіндіруіміз керек.

Кино әлемінде басқа қырымнан көріңгім келді. Шәмші маған сол мүмкіндікті берді деп ойлаймын. Көпшілік мені Алдар көсе деп таниды ғой. Сол амплудан шыққым келді. Ертең мені көргенде көрермен: «Алдар көсе!» деп емес, «Шәмші келе жатыр!» деп қуанатын болса, өнер адамы үшін бұл да үлкен жетістік.

Жай-жайлап бойға сіңіргеніміз ләзім. «Бірден!» деген дүние болмайды. Әзірге мен осы жағындамын.

Жас қазақ: Актерліктен бөлек, Жастар театрында бірнеше қойылымды сахнаға сәтті шығарған режиссер ретінде өзіндіңіз, жұмыстарыңызды жақсы білеміз. Алдағы уақытта кинорежиссурада бағыңызды байқап көргіңіз келмей ме?

Дәурен Серғазин: Неге келмесін? Әрине, кино – менің ең қызығатын салам. Қазір де киносенарий жазу үстіндемін. Бірақ оның қалай шығатыны белгісіз. Өйтсе де, өзімді өнердің қай саласында да дәлелдеп көргім келеді. Себебі бүгінгі өнер актерден әмбебаптықты талап етеді. Актер адам бір жақты шектелуге болмайды деп есептеймін. Уақыттың ағысын аңдамасаң, жұтылып кетесің. Сондықтан, алдағы уақытта шабыт пен мүмкіндік болса, неге сынап көрмеске?!

Жалпы, актерлік өнерді таңдаған талапкерлердің көпшілігі бұл салаға «киноға түссем, өзін кино арқылы танытсам» деп келеді. Сол секілді менің де киноға деген қызығушылығым ерекше. Театрды кейінірек, оқуға түскеннен кейін, сахна сыртына қаныға келе жақсы көріп кеттік қой. Бірақ ең алғаш өнерге деген махаббатымды оятқан кино болатын. Ал түптің түбінде бағындыру үшін де, ол арманым қайтып оралатыным хақ. Театрда бұл арманымды толыққанды бағындырмасам да, жаныммен үндесер жақсы рөлдерді ойнап, көрермен тарапынан да, сыншылар тарапынан да өз деңгейінде бағамды алып жүрмін. Ұстазымыз Нұрқанат Жақыпбай сахналаған Н.Гогольдің «Ревизор» қойылымындағы Хлестаков рөлі, мәселен, бүгінде менің театрдағы бойтұмар рөліме айналған бейнелердің бірі. Ал кинода (сериял емес, көркем фильм. – авт.) шығармашылық төлқұжатыма айналатындай, кинотеатрлардан жарқ етіп көрінетіндей ондай рөлді жасай қойған жоқпын. Сондықтан әзірге кино өнеріне қанағатсыз болып жүрмін. Кинодағы өзімнің рөлімді тапқым келеді...

Жас қазақ: Әңгімеңізге рахмет! Назерке ЖҰМАБАЙ, Астана

**Түйткіл**

**БҰЛ КҮНДЕРІ ДОПИНГ ДЕСЕ «ЕНДІ ҚАЙ СПОРТШЫМЫЗ?»**

**– ДЕП ЗӘРЕМІЗ ҰШАТЫН ЖАҒДАЙҒА ЖЕТТІК. АЛМАТЫДАҒЫ 28-ҚЫСҚЫ УНИВЕРСИАДА БІТЕ САЛА, ҚҰРАМАДАҒЫ БІРАЗ СПОРТШЫЛАР АУСТРИЯДА ӨТЕТІН БИАТЛОННАН ӘЛЕМ ЧЕМПИОНАТЫНА АТТАНЫП КЕТКЕН-ДІ. 9 АҚПАН КҮНІ**

**ХОХФИЛЬЦЕННЕН СУЫҚ ХАБАР БҰРҚ ЕТЕ ҚАЛДЫ.**

**АУСТРИЯЛЫҚ ПОЛИЦИЯ ӨКІЛДЕРІ ҚАЗАҚСТАН ҚҰРАМАСЫ ЖАЙҒАСҚАН ҚОНАҚҮЙДІ ҚОРШАП АЛҒАН.**



сағат болғанымен, бапкер сұхбат беруден жалтарған жоқ. Шарановтың айтуынша, спортшылардың көңіл-күйі қазір бірқалыпты. Спортшылар өздеріне сенімді болғанын, алайда жүйкеге біраз салмақтын түскені туралы жеткізді.

**М.ШАРАНОВ:**

**«БІЗ СЕНИМДІ БОЛДЫҚ»**

– **Максат, Қазақстан құрамасы осындай жағдайға қалай душар болды?**

– Бұл туралы мәдениет және спорт министрлігінің спорт және дене шынықтыру істері комитетінің төрағасы Елснйр Қанағатов та, Қазақстан Биатлон

одағының бас хатшысы Манас Үсенов те айтқан болатын. Менің алып қосарым жоқ. Министрліктегілер де, федерациядағылар да бар жағдайды жасады. Ұлттық Олимпиада комитеті де көмек жасап отыр. Бізден жауап алғанда, олар барынша істің ақ болуына ықпал жасады.

отырысынан кейін мәдениет және спорт министрі Арыстанбек Мұхамедиұлы мәлім етті. Ол «Спортшыларға құрметпен қарауларыңызды сұраймын. Себебі оларға «допинг қолданды» деп айып тағылған болатын. Жоқ, олай емес. Кеше біз

**ДҮРЛІКТІРГЕН ДОПИНГ**

Енді бәрін басынан бастайық. «Спорт-Экспресс» хабарлағандай, Германияда жергілікті полицияға беймәлім куәгер Инцелль қаласының жанармай құю бекетінде бірнеше шағын автобустың коқыс жәшігіне бірнеше қорап тастағанын көргенін хабарлайды. Тексеру барысында қораптың ішінде медициналық бұйымдар, дәрілік препараттар табылған. Кейіннен белгілі болғандай, ампула, екпе инемен қатар, биатлон жарысына қатысуға арналған бірнеше аккредитацияның кося табылғаны белгілі болып отыр. Анализдік қолжазба мен жарысқа берілген рұқсаттамалардың қазақстандық спортшыларға тиесілі екенін анықтаған полиция өкілдері істі Аустрияның допингке қарсы агенттігіне (NADA) тапсырады.

Ертеніне құраманың биатлоншысы Ольга Полторанина «Біз мұндайды күтпеген едік. Кешкі уақытта бірнеше



адамнан тұратын үлкен топ бізді қоршауға алды. Қорқып кеттік. Кейбір спортшыларды түнгі екіге дейін, ал қайсыбірін таңғы төртке дейін әбiгерге салды. Алдымен допингтік бақылаудан өттік, одан кейін полиция бөлмелерді тінтіді. Түнімен ұйқы көрмедік. Біртүрлі жағдайға тап болдық. Тыйым салынған заттарды қолданбағанымызға әбден сенімдіміз, өйткені препараттарды ешқашан қолданып көрмегенбіз», – деген-ді.

Еуропаның белді де беделді мамандары да өз пікірлерін білдіріп жатты. Соның бірі – Норвегияның Биатлоншылар одағының басшысы Эрленд Шлоквик «Бұл өте жаман жағдай. Егер шынымен тыйым салынған препараттар болса, оны өте қайғылы оқиға деп бағалаймын. Мені таң қалдырғаны, сонша дәрілік затты неліктен алып келгені болып тұр. Бұл олардың мәдениеті мүлде басқаша екендігін көрсетеді», – деп мәлімдеді.

Еліміздің мәдениет және спорт министрлігі кінәнің бәрі команда дәрігерінің салғырттығынан болғанын мәлімдеген болатын. Танертен спортшылар жарысқа қатысуға рұқсат алды. Ұйымдастырушылар тексеріс қорытындысы шыққанша, биатлоншыларды жарыстан шеттетпеуді ұйғарды. Аралас эстафетада спортшыларымыз 11-орыннан көрінді.

Араға алты күн салып, Аустрияда дауда қалған биатлоннан Қазақстан құрамасына тағылған айып, негізсіз болып шықты. Бұл туралы үкімет

допингке қарсы агенттіктен хабарлама алдық. Олардың сынамаларынан тыйым салынған препараттар табылмаған. Яғни олар «таза». Қазіргі таңда біз WADA-дан жазбаша түрде хат күтіп отырмыз», – делі.

Сонымен қатар министр осы кәтеліктен мамандардың сабақ



алғандығын атап өтті. «Әрине, кәтелік кетті деп Аустрия тарапын кінәламаймыз. Бұл жағдай бізге сабақ болды. Ендігі жолы біздің дәрігерлер өз міндетіне ұқыппен қарайтын болады», – делі министр.

Естеріңізге сала кетейік, 10 ақпан күні Аустрия жерінде өтіп жатқан биатлоннан әлем біріншілігі кезінде Қазақстан құрамасы допинг дауына іліккен болатын.

Мәселенің мән-жайын білмекке 14 ақпан күні Аустриядағы биатлоннан әлем чемпионатына қатысып жатқан биатлон құрамасының жаттықтырушысы Максат Шарановпен хабарласқанбыз. Аустриямен уақыт айырмасы бес

сенімді болдық – **Допинг дауы туралы біраз беделді мамандар пікір білдірген болатын...**

– Иә, біразын оқып шықтым. Мұндай кезде әртүрлі алыпқашпа әңгімелердің айтылатыны белгілі. Біз онша мән бермедік. Тек сынамалардың нәтижесін күтумен болдық.

– **Өтіп жатқан Әлем чемпионатының деңгейі туралы не айтасыз?**

– Бәрі қанағаттандырады. Ұйымдастырылуы, жарыс жолы бәрі көңілімізден шығып тұр.

– **Үздік нәтиже қандай?**

– Әлем чемпионатының алғашқы күнінде аралас эстафетада қыз-жігіттеріміз 11-орыннан көрінді. Араға екі күн салып ерлер арасындағы 10 шақырымдық спринтте



Ян Савицкий 24-ші болып келді. Ерtesіне 12,5 шақырымдық із кесуде Ян 33-орынды місе тұтты. Әзірге осы. Жарыс ақпанның 19-на дейін жалғасатынын ескерсек, бұдан да жақсы нәтиже күтеміз.

– **Алда әлі жеке жарыстар мен масс-старттар бар ғой?**

– Иә. Фавориттер белгілі. Масс-стартқа өту де қиынның қиыны. Әйелдер арасында жалпы есепте Галина Вишневская 15-орында, ерлер арасында Ян Савицкий 31-орында тұр. Ертең жекелеген сында олардың масс-стартқа өту-өтпеуі белгілі болады. Мәселен, ерлер арасында отыз спортшы масс-стартқа жіберіледі. Ян ертең жақсы атса, өтіп қалуы мүмкін.

– **Максат, сізге көп рахмет айтамыз!**

**Мадияр АРЫСТАНБАЕВ**

www.jasqazaq.kz

E-mail: jas\_qazaq@mail.ru

**САҢЛАҚ**



**Асқар ОРАЗАЛИНОВ** – су добынан КСРО-ның 2 дүркін чемпионы (1981, 1982), дүниежүзілік Универсиаданың 2 мәрте жеңімпазы (1983, 1985), Еуропа чемпионы (1985), КСРО кубогінің иесі (1982), Кеңес одағы чемпионаттарының 2 дүркін күміс, 5 мәрте қола жүлдегері, Азия ойындарының 3 дүркін жеңімпазы (1994, 1998, 2002), Азияның 3 мәрте чемпионы (1995, 1997, 1999). Венгрия чемпионатының үздік мергені.

Қазақ елінің су добы спортында Асқар Оразалиновтың өз орны бар. Ол ойыншы ретінде қандай атақты болса, бапкер ретінде де өте беделді болды.

Әуелі ойыншылығына тоқталайық. 1980 жылы он тоғыз жасында КСРО жастар құрамасы сапында Еуропаның күміс жүлдегері атанды. Қаршадай ғана бозбала шуу дегеннен Кеңес одағының үздік ойыншыларының қатарына қосылды.

# ЕУРОПА, АЗИЯ ЖӘНЕ ИЗРАИЛЬ ЧЕМПИОНЫ!

Асқардың жастайынан Еуропа деңгейінде көзге түсуі тегін емес. Қу тақырға шөп шықпайтыны тәрізді, бұл жігіттің әкесі Сабалақ 18 жасында көзсіз ерлік жасаған ердің сойы. Бір қырғын айқас үстінде немістің дзоты кеңес әскерлерін бас көтертпей атқылайды. Жаңбырша жауған оқтан талай әскер жер жастаналды. Асқардың әкесі ажал бүркіп тұрған пулеметке граната лақтырады да, артынша дзоттың аузын денесімен жаба құлайды. Кеңес әскері жауды түре қуып, ілгері кетеді. Қансырап жатқан Сабалақты санитар қыз тауып алады. Дәл сол сәтте екі аяқтан айырылған Сабалақтың Асқардай жампоз ұлы болады, десе, ешкім сенбес еді.



**ЕУРОПА МЕН КЕҢЕС ОДАҒЫН МОЙЫНДАТҚАН АСҚАР САБАЛАҚҰЛЫН ОСЫ САЛАНЫҢ БІЛІКТІ МАМАНДАРЫ «АЗИЯНЫҢ ҚАРА МАРЖАНЫ» ДЕП АТАЙДЫ.**

Асқар Оразалинов 1983-1986 жылдары Кеңес одағының ұлттық құрамасы сапында ойнады. Бұл айтуға ғана оңай. Сол жылдары КСРО құрамасы әлемдегі ең азулы команданың бірі болды. Тарихқа жүгінесек, 1980 жылы кеңес спортшылары Олимпиаданың бас бәйгесін жеңіп алса, 1982 жылы әлем чемпионатында жеке-дара шықты. 1981, 1983 жылдары Әлем кубогін ұтып алған КСРО құрамасы 1986

жылы әлем чемпионатының қола жүлдегері атанды. Асқар осындай аузымен құс тістеген құраманың белді ойыншыларының бірі болды. Бұл дегеніміз – сол тұста саны бес миллионнан зорға асқан қазақ жұрты үшін зор мәртебе еді.

Оразалинов көгілдір айдында өзіндік қолтаңбасымен дараланған санлақтың бірі. Ол қақпаға ту сыртын беріп тұрып, өзіне қарай ұшқан допты торға түсірудің нағыз майталманы. Мұндай жағдайда небір әдемі голдар соғылып жатады. Ал Асқардың голы ерекше. Ол онтайымен келген допты қақпаға қарай шығара бағыттайды. Оның осы әдісті қапысыз орындайтынына сүйсінген мамандар: «Асқар допты саусақтың ұшымен бұрап жібереді» дейді. Оразалиновтың қақпашы қос қолын судан шығарып үлгергенше зу еткізетін әбжілдігі тағы бар. Немесе қақпашы бір жағына жантайған сәтте қарсы бүйірден тартып жібереді. Мұның бәрі айтуға ғана жеңіл. Әлемдік су добының серкелері саналатын Еуропаның кез келген қақпашысы анау-мынау ойыншыға алдырта қоймайды. Асқар солардың талайын сан соқтырды.

Асқар «полукач» деп аталатын сокқыны да керемет менгеріп алды. Яғни ойыншы допты қыса ұстаған күйі құлаштай лақтыратындай сынай танытады да, онтайлы сәтте сілтеп кеп қалады. Оразалиновтың допты желке тұсында толғап тұрып күтпеген жерден қарсы қақпадан бір-ақ шығарғанын сары тіс жанқуырлар ұмыта қоймағаны анық.

Еуропа мен Кеңес одағын мойындапқан Асқар Сабалақұлын осы саланың білікті мамандары «Азияның қара маржаны» деп атайды. Ол отыз жасында Венгрияға ауысты. Су добынан Олимпиаданың 8 дүркін чемпиондары болған мадиярлар елінде біздің жігіт нағыз жампоз екенін танытты. Ол қатарынан екі жыл Венгрия чемпионатының ең үздік мергені атанды. Міне, біз кейде кәдіріне жете бермейтін Асқардың көпшілік біле бермейтін тағы бір ерлігі. Бұдан кейін Оразалиновқа Нидерланды, Испания, Италия және Израиль бапкерлері «құда» түсті. 1998-1999 жылдары Израиль чемпионатында сынға түскен Асқар «Тивон» клубы сапында осы елдің чемпионы әрі кубок иесі атанды.

2000 жылы Асқар Оразалинов Қазақстан ұлттық құрамасының бас бапкері қызметіне тағайындалды. Бас бапкер болған Асқар ойыншылықтан да қол үзбейді. 2002 жылғы Азия ойындарында 41 жастағы Оразалинов құраманы баптаумен қатар жігіттермен нық қағыстырып, айдына шықты. Сол сапарда оның командасы Азия ойындарының алтын медалін қанжығаға байлады.

Асқар тізгінін ұстаған Қазақстан құрамасы 2000, 2004 жылдары Олимпиада ойындарында ел намысын қорғады. Ал Оразалинов ойнаған және ол баптаған Қазақ елі ватерполшылары 1994 жылдан 2006 жылға дейін Азия құрлығындағы ресми жарыстарда үнемі жеңімпаздар қатарынан көрінді.

Кейінгі толқын бауырлар біле жүрсін деп, Асқар бауырдың жеңісті жолын хатқа түсірдік.

**Қыдырбек РЫСБЕК**



**БӨРЕКЕДІ:**




**Соңғы жылдары Түркияда қолында қаражаты бар бай-бағландар табысы мол деп, кино саласына инвестор бола бастаған.**

Бауырлас елдегі кинокомпания мен продюсерлік орталықтың мақсаты — телетауарын 78 миллион көрермені бар ішкі нарықта ғана емес, сырт елдерге де экспорттау. Halyknews.kz сайты жазғандай, 2002-2003 жылдары Бразилия мен аргентиналық сериалдар саябырсып, олардың орнын түрік сериалдары басты. Мәселен, казак көрермендеріне жақсы таныс атакты «Сұлтан Сүлеймен» тарихи сериалы биыл 20 миллион доллардан аса табыс түсіріп, түрік




**Түрікті байытқан телесериалдар**



телеиндустриясында рекорд жасады. Кезінде еліміздегі телеарналардың бірінен көрсетілген «Көкжалдар мекені» де қомақты қаржы тапқан тележобаның бірі. 15 млн долларлық пайдасымен «Сұлтан Сүлейменнен» кейінгі екінші орында тұр. Түркияның мәдениет және туризм министрлігі «2009-2012 жыл аралығында әлемнің 76 еліне 40 мың 675 сағат сериал саттық» деп статистика таратты. Алушылар Балқан түбегі мен Азия және Орталық Азия мемлекеттері. Ең көп табыс әкелген сериалдардың қатарында Қазақстанға жақсы таныс «Асау жүрек», «Көкжалдар мекені» бар. Сериалға қандай түсушінің бірі — Ресей өздерінің «Домашний тв» кабелдік каналынан орын берген. Орекендердің сүйіп көргені соншалық «Сұлтан Сүлеймен» сериалын аптасына 11 сағат бойы эфирге қойғызған. Арабтың «Gulf News» басылымы соңғы жиырма жылда БАӘ Түркиядан 60 млн долларға жүзден аса сериал сатып алғанын жазыпты. Алыс жатқан Африка елдерін де дәл осы телетауар жақындастырғандай. Түріктердің Солтүстік және орталық Африкада 85 млн көрермені бар екен. Қысқасы, түріктің сапалы хәм сапасыз телетуындылары қаржыдан басқа да жемісін беруде. Түркияда сериалдан түскен қаражат 2013 жылы АҚШ-тың ақшасымен 200 миллионды құраса, 2015 жылы 350 млн болған. Түрік киногерлері 2023 жылға қарай сатылымынан келетін қаржыны 1 млрд долларға жеткіземіз деген меже қойып отыр.

**ДӘСТҮР**

**Төркіндеген қызға, қайындаған әсігітке жасалатын құрметпен бірге, олардан туған балаға арналған дәстүр бар. Оны — әсиенге «қырық шұбар мінгізу» немесе «қырық серкеш беру» деп айтады. Кей өңірлерде «әсиенқұйрық» деген атпен сақталған. Бұл — әсиенге жасалатын әжоралғы. Жиеннің алғашқы нағашы әжуртына келгенде орындалатын рәсім. Дәстүр бойынша әсиенге қалағанын берген. Ұл балаға тай мінгізсе, қызға алтын-күміс, әшекей тағады. Оны — «әсиенқұйрық» дейді.**



**Қырық серкеш беріп көрдіңіз бе?**

Нағашы мен жиен арасындағы қарым-қатынас, сый-құрмет негізінде бір ізге түскен. Жиеннің еркелігін көтеру, жиенді ұрмау — қатаң тәртіппен қадағаланады. Сондықтан жиен нағашыларының ауылына келгенде, өзін еркін сезініп, еркін ұстайды. Оған бұл ауылда ең үлкен құрмет көрсетіледі. Қырық шұбар тайын немесе

қырық серкешін алмаған жиеннің нағашы жұртына өкпелеуге хақысы бар. Сондықтан, бұл да — көшпенді дәстүрінде орындалатын міндетті салттың бірі. Нағашылары жиеннің бетін қайтармай, үш рет сұрағанын береді. Қалағанын бермесе, ол жиендік жасап, басқа жолмен алуға ерікті. Тілдік қорымыздағы «жиендік жасау» деген — осыдан шықса керек-ті. «Қырық

Міне, казак халқы ұл мен қызға берілетін еншіні осындай жолдармен әділ, тең бөліп отырған. Ата-баба дәстүрінің қай-қайсысы да негізсіз емес. Бәрінің түп-тамырында халқымыздың өмір салтына қатысты дәстүр бар. Қырық шұбар тай мінгізудің тағы бір мәні — құдалды екі елдің арасындағы қарым-қатынасты нығайту. Бір әкеден тараған ұл мен қыздың ұрпағын жақындастыру. Сол арқылы ұрпақты көпшіл, бауырмашыл етіп тәрбиелеу. Міне, мұның бәрі санамызға сінген, жадимызға жатталған дәстүр.

Жарас КЕМЕЛЖАН

**ВАҒДААСТЫҚ**

**Тағамтану кафедрасы ашылады**

Әл Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті мен Қазақстан тағамтану академиясы (ҚТА) арасында ынтымақтастық орнады. Екі жақты келісім аясында университеттегі қоғамдық денсаулық сақтау жоғары мектебінде нутрициология кафедрасы (тамақтану туралы ғылым) ашылатыны жөнінде ҚазҰУ ректоры Ғалым Мұтанов пен ҚТА президенті Төрегелді Шарманов меморандумға қол қойды.

Бұл ынтымақтастық ғылым мен тәжірибе, білім беру интеграциясы



жолында интеллектуалдық және техникалық қабілетті біріктіруге бағытталады. ҚазҰУ-дың нутрициология кафедрасы өз жұмысын медицина ғылымдарының докторы, академик Т.Шармановтың жетекшілігімен бастайды. Ол «Еліміздің жетекші оқу ордасында кафедра басқару — мен үшін үлкен мәртебе. ҚазҰУ мен академияның бірлескен қызметі нутрициология, диетология, микронутриент тапшылығы профилактикасы саласындағы оқу-білім, ғылыми-зерттеу, консалтингтік және сарапшылық ынтымақтастығына негізделіп отыр» — делі.

Шіңгіл — түркілердің түп ошағы саналатын кербез Алтайдың жүйірік басы. Ежелден ата-бабамыздың салқара қонысы саналатын мекен, қазіргі күнге дейін қойнауында мал мен жанын мыңғыртып, қазақты құшағында тербетіп келеді.

**Өр Алтай - ұшар басы көркем Шіңгіл**



Сурет авторы Ықылас ОРАЗБАЙҰЛЫ qazaqtimes.kz

**ТАБИҒАТ**

**2017 жыл**

**91-ші ТЕАТР МАУСЫМЫ АҚПАН айының РЕПЕРТУАРЫ**

М.Дүзөв атындағы Қазақ мемлекеттік академиялық арна театры

17 жұма	<b>АЙ МЕН АЙША</b> /Луна и Айша/ драма	авт. Ш.Мұртаза реж. Тұңғышбай Өл-Тарази
18 сенбі	<b>РОМЕО МЕН ДЖУЛЬЕТТА</b> /Ромео и Джульетта/ трагедия	авт. У.Шекспир суд. Ә.Кекілбаев реж. О.Салимов
19 жексенбі	<b>ҚАЗАҚТАР</b> /Қазақи/ тарихи драма	авт. Қ.Ысқақ, Шахмарден реж. Тұңғышбай Өл-Тарази
21 сейсенбі	<b>КҮЛЕМІЗ БЕ, ЖЫЛАЙМЫЗ БАИ?..</b> /Смьяться или плакать?.. / комедия	авт. Е.Жуасбек реж. М.Ахманов
22 сәрсенбі	<b>ЖҮЗ ЖЫЛДЫҚ МАХАББАТ</b> /Сто лет любви/ драма	авт. Д.Исабеков реж. А.Кекішева
23 бейсенбі	<b>ҚЫЗ МҰҢЫ</b> /Печаль любви моей... / лирикалық драма	авт. И.Сапарбай реж. Е.Обаев, Т.Аралбай
КІШІ ЗАЛ	<b>МЕДЕЯ</b> рагедия	авт. Еврипид суд. Қ.Жұмағалиев реж. А.Қабдешова
24 жұма	<b>АПАЛЫ-СІҢАЛІ ҮШЕУ</b> /Три сестры/ драма	авт. А.Чехов суд. Ә.Бөпежанова реж. Р.Андрисьян, А.Кекішева
25 сенбі	<b>МӨЛДІР МАХАББАТ</b> /Светлая любовь/ драма	авт. С.Мұқанов реж. Ә.Рахимов
26 жексенбі	<b>ТЕНДЕРГЕ ТҮСКЕН КЕЛІНШЕК</b> /Такова жизнь... / драма	авт. М.Серсеке реж. О.Кенебаев
28 сейсенбі	<b>СЫҒАН СЕРЕНАДАСЫ</b> /Цыганская серенада/ мюзикл	авт. И.Сапарбай реж.Е.Обаев, Т.Аралбай

**Директор — Бас редактор Срайыл СМАЙЫЛ**

**Редакция алқасы:**

Елдос ӨМІРЗАҚҰЛЫ  
Бас редактордың бірінші орынбасары  
Ғалия ҚАЛИЕВА  
компьютер орталығының жетекшісі

**Тілшілер мен қызметкерлер:**

Елдос ТОҚТАРБАЙ — Астана қаласындағы меншікті тілші  
Жарас КЕМЕЛЖАН — қоғам және әлеумет  
Мадияр АРЫСТАНБАЕВ — арнаулы тілші  
Мақпал НОҒАЙБАЕВА — өнер және руханият  
Руслан ДОСТАЕВ — web-редактор  
Кәмшат ТӨЛЕШОВА — терішіші  
Мехмет СЕМЕРЖИ — фототілші

**Аймақтағы меншікті тілшілер:**

Байқал БАЙӘДІЛОВ — Ақмола және Солтүстік Қазақстан облыстары (8 778 910 45 34)  
Шынарғұл ОНАШБАЙ — Алматы облысы (8 701 503 02 76)  
Сабырбек ОЛЖАБАЙ — Оңтүстік Қазақстан облысы (8 701 385 72 75)  
Фарида МҰНАЛҚЫЗЫ — Маңғыстау облысы (8 702 799 06 22)  
Айхан БАШТАШ — Осло, Норвегия mahmutba@online.no  
Ұлдай САРИЕВА — Батыс Қазақстан облысы (8 705 150 48 30)

Кезекші редактор  
Мақпал НОҒАЙБАЕВА

**Шығарушы:**

**«Аманат Медиа» ЖШС**

Директордың орынбасары  
**Мейрамбек ҚҰЛМҰХАМЕДОВ**

Бас есепші  
**Расима ӘКІМБЕКОВА**

**Редакцияның мекенжайы:**

050009, Алматы қаласы, Гагарин даңғылы, 93-үй (Абай даңғылының қиылысы)  
Телефондар: 8(727) 394-37-22; факс: 394-39-68  
Бухгалтерия: тел.факс: 8(727) 394-39-67 (жарнама бөлімінің ішкі нөмірі 108)

Газет «Дәуір» ЖШС РПНК (Алматы қаласы, Қалдаяқов көшесі, 17-үй)  
тел: (727) 273-12-04, 273-12-54  
Тапсырыс — №2105;  
Бағасы келісім бойынша

Айлық таралымы — 52 000 дана

Газет 2004 жылғы 14 желтоқсанда ҚР Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігінде тіркеліп, бұқаралық ақпарат құралын есепке қою туралы №5710-Г куәлігі берілген.

Мақала авторының пікірі редакция көзқарасын білдірмейді. Жарнама мәтініне тапсырыс беруші жауапты. Газетте жарияланған материалдар мен суреттерді сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.

Газет Қазақстанның барлық аймақтарында таралады, сондай-ақ «Air-Astana», «Turkish Airlines», «QazaqAir» әуежайларының ұшақтарында бар.